



Еңбек қауіпсіздігі және
еңбекті қорғау жөніндегі

НОРМАТИВТІК АКТІЛЕР

НОРМАТИВНЫЕ АКТЫ

по безопасности и охране труда

№ 4 (124) 2021

- Жекелеген лауазымдардың, соның ішінде барлық мамандық инженерлерінің біліктілік сипаттамаларына өзгерістер енгізілді. Инженерлердің біліктілігіне қойылатын жаңа талаптарды біздің журналдан таба аласыз.
- Қоршаған ортаға эмиссиялардың техникалық үлестік нормативтері бекітілді. Қажетті нақты көрсеткіштер мен сызбаларды кейінірек іздеудің қажеті болмас үшін өзіңізге жүктеп алып, мұрағатта сақтауға болады.
- Өрт қауіпсіздігі саласындағы аудит бойынша сараптамалық ұйымдарды аккредиттеу қағидаларына өзгерістер енгізілді.
- Внесли изменения в Квалификационные характеристики отдельных должностей, в том числе инженеров всех специальностей. Новые требования к квалификации инженеров найдёте в нашем журнале.
- Утвердили технические удельные нормативы эмиссий в окружающую среду. Необходимые удельные показатели и схемы можно скачать и сохранить к себе в архив, чтобы потом не пришлось искать.
- Внесли изменения в Правила аккредитации экспертных организаций по аудиту в области пожарной безопасности.

Электронная система
«ACTUALIS: Кадровое дело»

Получите демо-доступ **БЕСПЛАТНО**
на сайте www.vip-kadry.mcfr.kz

НОВОЕ в электронной системе:

- Надо ли вносить данные по военнообязанным в ЕСУТД?

ISSN 1996-2053



9 177 1996 205007

Құрметті әріптестер, достар!

Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің Еңбекті қорғау жөніндегі республикалық ғылыми-зерттеу институты Дүниежүзілік еңбекті қорғау күнімен еңбекті қорғау жөніндегі барлық мамандарды құттықтайды!

Дүниежүзілік еңбекті қорғау күні 28 сәуірде жүзден астам елде атап өтіледі. Еңбек – бұл біздің тіршілік әрекетіміздің негізі және барлық адами жетістіктердің базисі, бірақ ол тап осы күйінде тек қауіпсіздік жағдайларында ғана болады.

Еңбекті қорғау жөніндегі мамандар кез келген істе таптырмайды және олардың орны өзінше маңызды. Әр кәсіп өзіндік тәуекелге толы, осыған байланысты еңбекті қорғау өте жауапты іс болып табылады. Әрбір жұмыскер жұмыс орнының ыңғайлы, жайлы және ең алдымен қауіпсіз болуын қалайды.

Нормативтер – жалықтырғыш қағидалар жиынтығы емес екенін бәріміз де білеміз. Олар – адамдардың қауіпсіз жұмыс істей алуына және дұрыс еңбек қатынастарын сақтай алуына мүмкіндік беретін тармақтар. Соларға сүйенген әр адам өз жұмыс орнында жарақаттану және апатпен күресуге үлес қоса алады.

Біз еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау жөніндегі маманның кәсібі қаншалықты маңызды екенін тағы да естеріңізге сала кеткіміз келеді. Сіздер мыңдаған адамдардың жұмыс орындарындағы денсаулығы мен қауіпсіздігін сақтайсыздар және бұл үлкен игілікті істі өз тараптарыңыздан күн сайын атқарасыздар. Сіздердің баршаға қажетті жұмыстарыңыз басшылық тарапынан жоғары бағалансын, жұмыскерлер әрдайым нұсқауларды орындасын, еңбек қауіпсіз болсын, жұмыс орнында жазатайым оқиғалар мен құйзелістер болмасын, ал жұмыс күндері тек қуаныш пен молшылық әкелсін.

Еңбекті қорғау және еңбек қауіпсіздігімен байланысты барлық адамдарды өз тарапымыздан біз Дүниежүзілік еңбекті қорғау күнімен құттықтаймыз. Сіздерге денсаулық, бақыт, амандық және алға қойған мақсаттарыңызға жетуді тілейміз. Жұмыста және үйде бәрі әрқашан тыныш болсын, жарақаттану нөлге тең, ал кәсіби жетістіктер – жүз пайыз болсын!

«Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің Еңбекті қорғау жөніндегі республикалық ғылыми-зерттеу институты» ШЖҚ РМК
Бас директоры, академик, техника ғылымдарының докторы, профессор
С. Бисақаев

Уважаемые коллеги, друзья!

Республиканский научно-исследовательский институт по охране труда Министерства труда и социальной защиты населения Республики Казахстан поздравляет всех специалистов по охране труда с Всемирным днём охраны труда!

Всемирный день охраны труда отмечают более чем в ста странах 28 апреля. Труд – это основа нашей жизнедеятельности и базис всех человеческих достижений, но таковым он является только в условиях безопасности.

Специалисты по охране труда незаменимы и важны в любом деле. В каждой профессии есть свои риски, и охрана труда очень важный аспект в работе. Каждый работник хочет, чтобы его рабочее место было удобным, комфортабельным и, прежде всего, безопасным.

Все мы знаем, что нормативы – это не скучный свод правил. Это пункты, благодаря которым люди могут работать в безопасности и сохранять правильные трудовые отношения. И вклад в борьбу с травматизмом и аварийностью на своём рабочем месте может принести каждый.

Мы ещё раз хотим напомнить о том, насколько важна профессия специалиста по безопасности и охране труда. Вы сохраняете здоровье и безопасность многих тысяч людей на их рабочих местах, и это великое благо вы совершаете изо дня в день. Пусть ваша нужная работа высоко ценится руководством, работники всегда соблюдают инструкции, труд будет безопасным, без несчастных случаев и стрессов на рабочем месте, а рабочие дни приносят только радость и достаток.

Всех, кто связан с охраной и безопасностью труда, мы поздравляем с Всемирным днём охраны труда. Желаем вам здоровья, счастья, благополучия и достижения намеченных целей. Пусть у вас на работе и дома всё всегда будет в порядке, травматизм пусть будет нулевым, а профессиональные успехи – стопроцентными!

Генеральный директор РГП на ПХВ
«Республиканский научно-исследовательский институт по охране труда Министерства труда и социальной защиты населения Республики Казахстан»,
академик, доктор технических наук, профессор
С. Бисақаев

Собственник: ТОО «МЦФЭР–Казахстан»
Генеральный директор – Т. С. Бектурсынова
Редакция тематического направления
«Охрана труда, кадры и делопроизводство»:
Руководитель тематического направления –
С. Е. Сергеенко
email: otk@mcf.kz

Главный редактор – С. А. Крафт
Литературный редактор текстов
на казахском языке – А. Н. Мамиева
Руководитель отдела верстки – А. Х. Дербесова

Адрес редакции: 050009, г. Алматы,
ул. Шевченко, уг. ул. Радостовца, 1656/72г,
офис 712

тел. +7 (727) 323-62-29 (вн. 117)

e-mail: otk@mcf.kz

www.kadry.mcf.kz

Отдел маркетинга

Ведущий бренд-менеджер – С. Талгатов
тел. +7 (727) 323-62-29 (вн. 135)

email: bm2@mcf.kz

Отдел адресной подписки и сбыта

тел./факс: +7 (727) 323-62-12, 323-62-13

e-mail: sbyt@mcf.kz, info@mcf.kz

Менеджер по работе с клиентами –

Д. А. Тойчибеков

тел.: +7 (727) 323-62-12, 323-62-13 (вн. 127)

email: sb1@mcf.kz

Менеджер по работе с клиентами –

Г. Е. Жантукеева

email: support@mcf.kz

тел.: +7 (727) 323-62-12, 323-62-13 (вн. 129)

Подписку можно оформить:

• по online-заявке – www.kadry.mcf.kz

• в редакции в отделе адресной подписки

• по каталогам (подписной индекс – 74315)

– «Казпочта»: почтовые отделения

– «Евразия-пресс»: тел. +7 (727) 382-34-87

– «Эврика-пресс»: тел. +7 (727) 233-76-19

Свидетельство о постановке на учет СМИ
№ 10771-Ж от 11.03.2010 г. выдано Комитетом
информации и архивов Министерства культуры
и информации Республики Казахстан.

Мнение редакции может не совпадать
с мнением авторов.

*Перепечатка материалов, опубликованных
в журнале, допускается только с письменного
согласия редакции.*

*Представленные тексты нормативных право-
вых актов идентичны*

официально опубликованным версиям.

Редакция не несет ответственности

за содержание рекламных материалов.

PR-материал публикуется на правах рекламы.

Претензии по опубликованной рекламе принимаются в течение 10 календарных дней со дня выхода номера.

ТОО «МЦФЭР–Казахстан».

Юридический адрес: 050009, г. Алматы,
ул. Шевченко, уг. ул. Радостовца, 1656/72г,
офис 712.

© ТОО «МЦФЭР–Казахстан», 2021

Уважаемые читатели!

Обо всех проблемах, связанных с доставкой журнала,
вы можете сообщать по e-mail: sbyt@mcf.kz,
info@mcf.kz или по тел.: +7 (727) 323-62-12, 323-62-13



МЦФЭР–Казахстан

№ 4 (124) 2021

Еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау жөніндегі

НОРМАТИВТІК АКТІЛЕР

НОРМАТИВНЫЕ АКТЫ

Журнал издается с 2011 года
Периодичность – 1 раз в месяц

по безопасности и охране труда

«Еңбек қауіпсіздігі
және еңбекті қорғау
жөніндегі нормативтік
актілер» журналының
редакциялық кеңесі:

Редакционный совет
журнала
«Нормативные акты
по безопасности и охране
труда»:

Беккер Беккер

Владимир Робертович,
Қазақстан Республикасы
Ішкі істер министрлігінің
Төтенше жағдайлар
жөніндегі комитетінің
төрағасы

Владимир Робертович,
председатель Комитета по
чрезвычайным ситуациям
Министерства внутренних
дел Республики Казахстан

Сәдуақасов

Нұрқан Олжабайұлы,
Қазақстан Республика-
сы Денсаулық сақтау
министрлігінің Тауар-
лар мен көрсетілген
қызметтердің сапасы
мен қауіпсіздігін бақылау
комитеті төрағасының
орынбасары

Садвақасов

Нуркан Олжабаевич,
заместитель председателя
Комитета контроля качес-
тва и безопасности това-
ров и услуг Министерства
здравоохранения Респуб-
лики Казахстан

Құнанбаев

Нұрбек Сейітқамзаұлы
«Серіктес» апаттан
құтқару қызметі» ЖШС-нің
директоры

Кунанбаев

Нурбек Сейтқамзинович,
директор ТОО «Аварийно-
спасательная служба
«Серіктес»»



Еңбек қауіпсіздігі және
еңбекті қорғау жөніндегі
НОРМАТИВТІК АКТІЛЕР

Еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау, қоршаған ортаны қорғау, еңбек заңнамасы, өнеркәсіптік және өрт қауіпсіздігі, әлеуметтік және міндетті сақтандыру, халықты әлеуметтік қорғау және санитариялық-эпидемиологиялық салауаттылығы саласындағы мамандарға арналған кәсіптік басылым

МАЗМҰНЫ

МАМАННАН СҰРАҢЫЗ

АГК машинисіне тракторшы-машинист куәлігі қажет пе	3
БелАЗ автокөліктері жүргізушілерінде қандай рұқсат құжаттары болуы керек	4

ЗАҢНАМАҒА ШОЛУ

Мемлекеттік мекемелер мен қазыналық кәсіпорындар мамандарының жекелеген лауазымдарының біліктілік сипаттамаларына өзгерістер енгізілді	6
«Еңбек ету қабілетінен айырылған жағдайда төленетін әлеуметтік төлемдерді тағайындау» мемлекеттік қызмет стандарты өзгерді	9

ӨРТ ҚАУІПСІЗДІГІ

Өрт қауіпсіздігі саласындағы аудит бойынша сараптама ұйымдарын аккредиттеу қағидаларының жаңартылған редакциясы	13
---	----

АЗАМАТТЫҚ ҚОРҒАУ

Азаматтық қорғау органдарының азаматтық қызметшілер лауазымдарының тізілімі бекітілді	18
---	----

ҚОРШАҒАН ОРТАНЫ ҚОРҒАУ

Эмиссиялардың техникалық үлестік нормативтері бекітілді	24
---	----

САНИТАРИЯЛЫҚ ЕРЕЖЕЛЕР ЖӘНЕ ГИГИЕНАЛЫҚ НОРМАТИВТЕР

2021 жылы санитариялық-эпидемияға қарсы іс-шараларды қалай жүргізу керек	39
--	----

НОРМАТИВНЫЕ АКТЫ по безопасности и охране труда

Профессиональное издание для специалистов в сфере безопасности и охраны труда, охраны окружающей среды, трудового законодательства, промышленной и пожарной безопасности, социального и обязательного страхования, санитарно-эпидемиологического благополучия и социальной защиты населения

СОДЕРЖАНИЕ

СПРОСИТЕ СПЕЦИАЛИСТА

Нужно ли машинисту АГП удостоверение тракториста-машиниста	50
Какие разрешительные документы должны иметь водители автомашин БелАЗ	51

ОБЗОР ЗАКОНОДАТЕЛЬСТВА

Внесли изменения в Квалификационные характеристики отдельных должностей специалистов государственных учреждений и казённых предприятий	53
Изменился стандарт госуслуги «Назначение социальной выплаты на случай утраты трудоспособности»	56

ПОЖАРНАЯ БЕЗОПАСНОСТЬ

Обновлённая редакция Правил аккредитации экспертных организаций по аудиту в области пожарной безопасности	60
---	----

ГРАЖДАНСКАЯ ЗАЩИТА

Утвердили реестр должностей гражданских служащих органов гражданской защиты	65
---	----

ОХРАНА ОКРУЖАЮЩЕЙ СРЕДЫ

Утвердили технические удельные нормативы эмиссий	71
--	----

САНИТАРНЫЕ ПРАВИЛА И ГИГИЕНИЧЕСКИЕ НОРМАТИВЫ

Как проводить санитарно-противоэпидемические мероприятия в 2021 году	86
--	----

АГК машинисіне тракторшы-машинист куәлігі қажет пе

АГК машинисіне (автомобильді гидравликалық көтергіш) тракторшы-машинист куәлігі қажет пе?



Жауап беретін: Әшіров А. А., еңбекті қорғау және еңбек қатынастары мәселелері жөнінде тәуелсіз сарапшы, «ACTUALIS: Кадр ісі» электрондық жүйесінің сарапшысы

Автогидрокөтергіш (АГК) машинисі мамандығы – жұмысшы мамандығы. Мұндай лауазымға үміткерлер **кәсіби білімі туралы құжат пен қолданыстағы жүргізуші куәлігін көрсетуі қажет.**

АГК-тің биіктікте жұмыс істеуді қамтамасыз ететінін және жоғары қауіп көзі екенін әрдайым есте ұстаған жөн.

Машинист келесі дағдылар мен машықтарды меңгеруі тиіс:

- бастапқы техникалық құжаттаманы жүргізе білу;
- АГК-ті жөндеу ережелерін білу;
- еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау талаптарын білу;
- өрттің алдын алу және сөндірудің негізгі құралдары мен шараларын білу (егер жұмыс аймағында өрт шықса);
- жұмыс орнындағы түрлі қауіпті жағдайлардың алдын алу шараларын білу;
- апат болған жағдайда алғашқы көмек көрсете білу.

АГК машинисінің жұмысы үлкен жауапкершілікке ие, сондықтан да бұл мамандыққа (кәсіпке) аса маңызды талаптар қойылады, олардың арасында қауіпсіздік техникасын сақтау негізгі талаптардың бірі болып табылады.

Сонымен қатар АГК машинисі көрсетілген арнайы техниканы басқара білуі керек, ал ол істен шыққан жағдайда оның туындау себептерін анықтап, оларды жоюы қажет.

Арнайы курстардан өту және мамандық бойынша практикалық дағдыларды меңгергендігі туралы техника қауіпсіздігі бойынша білімі тексерілетін емтиханды сәтті тапсырғаннан кейін берілген және кәсіби білімінің бар екендігін куәландырылатын **АГК/автомұнара машинисінің куәлігі** болады.

Автогидрокөтергіш және автомұнара машинисі мамандығы Жіктеуішке сәйкес техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру үшін оқыту мерзімдері мен білім беру деңгейлері бойынша Кәсіптер мен мамандықтар тізбесіне кіреді (Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2016 жылдың 22 қаңтарындағы № 65-бұйрығымен бекітілген):

- ҚР техникалық және кәсіптік білім беру мамандығының коды – 140214 2;
- техникалық және кәсіптік білім беру үшін оқу мерзімі: негізгі орта білім беру базасында – 2 жыл 10 ай, жалпы орта білім беру базасында – 10 ай, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі жоғары білім беру базасында – 10 ай.

БелАЗ автокөліктері жүргізушілерінде қандай рұқсат құжаттары болуы керек

Өнеркәсіптік кәсіпорында жұмыс істейтін және цемент өндіру үшін зауыттан 3 км қашықтықта орналасқан карьерден шикізат тасымалдауды жүзеге асыратын БелАЗ автокөліктерінің (ж/к – 30 т және 45 т) жүргізушілерінде «С» санатындағы куәліктерінен басқа тағы да қандай рұқсат беру құжаттары болуы керек?



Жауап беретін: Әшіров А. А., еңбекті қорғау және еңбек қатынастары мәселелері жөнінде тәуелсіз сарапшы, «ACTUALIS: Кадр ісі» электрондық жүйесінің сарапшысы

Сұрақ мазмұнында «рұқсат беру құжаттары» терминінің нені білдіретіні, қолданылатын техниканың («БелАЗ» самосвалы) техникалық ерекшелігі мен қолданылу мақсатының қандай екендігі анық көрсетілмеген. Сондықтан да біз қойылған сұраққа толығырақ жауап беруге тырысамыз.

Біріншіден. «БелАЗ» самосвалдары карьерлік техника түріне жатады.

Технологиялық жабдықты, техникалық құрылғыларды пайдалану, оларға қызмет көрсету, оларды құрастыру және бөлшектеу Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрінің 2014 жылдың 30 желтоқсанындағы № 352-бұйрығымен бекітілген «Тау-кен және геологиялық барлау жұмыстарын жүргізетін қауіпті өндірістік объектілері үшін өнеркәсіптік қауіпсіздікті қамтамасыз ету қағидаларымен» (*бұдан әрі мәтін бойынша – Қағидалар*) бекітілген дайындаушы зауыттарды пайдалану жөніндегі нұсқаулығына сәйкес жүргізіледі (1776-т.).

Өздігінен жүретін машина Қағидалар 1061-т. сәйкес төмендегідей жабдықталуы тиіс:

- 1) машинистің көз алдында тұратын және машинаның қозғалыс жылдамдығын көрсететін аспаппен;
- 2) дыбыстық дабылмен;
- 3) мотосағаттармен немесе километрмен жүріп өтуді есептегішпен;
- 4) жарықтандыру аспаптарымен: фаралармен, ені бойынша ауқымдық сигналдармен, тежеу кезінде қосылатын артқы тоқтату сигналымен. Қажет болған жағдайда машинада артқы жарық фарасы орнатылады.

Әрбір берілісте тұрақты қозғалыс жылдамдығы бар тау-кенді тиеу-жеткізу, жеткізу машиналары мен тракторларында, бұрғылау күймешелері мен аз қозғалатын машиналарда жылдамдық көрсеткіштері және тоқтату сигналдарын орнату талап етілмейді.

Іштен жану қозғалтқыштары бар машиналарды басқару тек оқудан өткен және жерасты жағдайларында машиналарды басқару құқығы бар куәлікті алған адамдарға ғана рұқсат етіледі.

Әрбір автомобильде оның негізгі техникалық және пайдалану сипаттамалары көрсетілген техникалық паспорт болу керек (Қағидалар 2019-т.). Пайдаланудағы карьерлік автомобильдер төмендегідей жинақталады:

- 1) өрт сөндіру құралдарымен;
- 2) авариялық тоқтатудың екі белгісімен;
- 3) медициналық қобдишалармен;
- 4) доңғалақтардың астына төсеуге арналған тіреулермен (башмақтармен);
- 5) артқы жүріспен қозғалған кезде үзікті дыбыс шығаратын сигналмен;
- 6) шанақты жоғары вольтты желілер астына көтеруді бұғаттау құрылғысымен (дабылдағышпен) (жүк көтергіштігі – 30 тонна және одан астам автосамосвалдар үшін);
- 7) екі артқы көрініс айналарымен;
- 8) байланыс құралдарымен.

Автокөліктерді, егер автокөлікті қолдану технологиясында көрсетілген жұмыстардың қауіпсіздігі мен қозғалыс қауіпсіздігін қамтамасыз ететін олардың барлық агрегаттары мен тораптары техникалық жарамды күйде болса, сондай-ақ өндіруші зауытта қарастырғандай жанармай қоры мен құрал-сайман жиынтығы болған жағдайда ғана желіге шығаруға болады.

Майлар мен суды жылыту үшін ашық отты пайдалануға болмайды. Мұндай мақсаттарды жүзеге асыру үшін ашық тау-кен жұмыстары машиналар тұратын жерлерде бу қыздырудың стационарлық пункттері арқылы қамтамасыз етіледі.

Жүргізушілерде өздерімен бірге автомобильді басқару құқығын беретін құжат болуға тиіс.

Дизель-электр трансмиссиясы бар автомобильдерді басқаратын жүргізушілердің электр қауіпсіздігі бойынша біліктілігінің тобы II-ден төмен емес болмауы тиіс.

Технологиялық жолдардағы қозғалысты жол белгілері реттейді (Қағидалар 2022-т.).

Ұйымдарға тиесілі автомобильдердің, тракторлардың, тартқыштардың, тиеу, жүк көтеру машиналарының тау-кендік бөлу шегіне бір жолғы кіру үшін жүргізуші (машинист) тек журналға жазылып-тіркелетін нұсқаудан өтіп, нысанды пайдаланатын ұйымның өкімшілігі рұқсат бергеннен кейін ғана жіберіледі.

Автомобиль самосвалдарының техникалық жай-күйін жол қозғалысы ережелерін сақтай отырып ұйымның бақылаушы тұлғалары, яғни жұмыстардың қауіпсіз жүргізілуіне жауапты лауазымды тұлғалар қамтамасыз етеді, ал мердігерлік ұйымның автокөлікті пайдалануы кезінде – мердігерлік ұйымның бақылаушы тұлғалары (Қағидалар 2023-т.).

Желіге шығару және гаражға қайтару кезінде технологиялық реттемеде белгіленген тәртіп пен көлемге сай жүргізушілер және автокөлік құралдарының техникалық жай-күйін бақылаушы тұлғалар тарапынан рейс алдындағы және рейстен кейінгі бақылауды жүргізу қамтамасыз етілуге тиіс (Қағидалар 2024-т.).

Екіншіден. Үйіп-тасымалданатын жүктерді бір жүк жөнелтушіден екінші бір жүк алушының атына тасымалдау кезінде ресімдеу жүк жөнелтушінің жүргізушіге **әрбір жол жүруге талон беруі арқылы** жүзеге асуы мүмкін (Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрінің 2015 жылдың 30 сәуіріндегі № 546-бұйрығымен бекітілген Автомобиль көлігімен жүктерді тасымалдау қағидаларының 319-т.).

Соңғы сапарды жүзеге асыру барысында жүк жөнелтуші үйіп-тасымалданатын жүктерді тасымалдау кезінде берілген талондардың орнына **тауар-көлік жүкқұжатын**, ал топырақты тасымалдау кезінде – **тасымалданатын жүктің барлық мөлшеріне өлшем немесе өлшеу актісін** ресімдейді.

Мемлекеттік мекемелер мен қазыналық кәсіпорындар мамандарының жекелеген лауазымдарының біліктілік сипаттамаларына өзгерістер енгізілді

«Барлық қызмет салаларына ортақ мемлекеттік мекемелер мен қазыналық кәсіпорындар мамандарының жекелеген лауазымдарының біліктілік сипаттамаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрінің 2015 жылғы 1 қыркүйектегі № 775 бұйрығына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы»

Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 2021 жылдың 4 ақпанындағы № 27-бұйрығы

Күшіне енді: 2021.21.02 бастап

Барлық қызмет салаларына ортақ мемлекеттік мекемелер мен қазыналық кәсіпорындар кадрларының жекелеген лауазымдарының біліктілік сипаттамаларына өзгерістер мен толықтырулар енгізілді. Лауазымдарға қойылатын біліктілік талаптары өзгертіліп-толықтырылды:

- аудармашы;
- барлық мамандықтар бойынша инженер;
- есепші;
- заңгер;
- заң кеңесшісі;
- зертханашы (білім беру және денсаулық сақтау ұйымдарының зертханашыларынан басқа);
- кадр бөлімінің инспекторы;
- кадрлар жөніндегі маман;
- механик;
- психолог (педагог-психологтан басқа);
- әлеуметтанушы;
- экономист.

Тек барлық аталымдардағы техниктерге қойылатын біліктілік талаптары өзгеріссіз қалды.

Әрі қарай, барлық мамандықтардың инженерлері үшін біліктілік сипаттамаларының жаңа нұсқасын ұсынамыз (Барлық қызмет салаларына ортақ мемлекеттік мекемелер мен қазыналық кәсіпорындар кадрларының жекелеген лауазымдарының біліктілік сипаттамалары, 3-параграф). Жаңа редакциядағы қалған біліктілік сипаттамаларымен сіз біздің журналдың нормативтік-құқықтық базасынан таныса аласыз.

1-тарау. Біліктілік сипаттамалары

3-параграф. Барлық мамандықтар инженері

Лауазымдық міндеттері:

– жобалау, құрылыс, ақпараттық қызмет көрсету, өндірісті, еңбекті және басқаруды ұйымдастыру, метрологиялық қамтамасыз ету, техникалық бақылау бойынша ғылыми-техникалық қызмет саласындағы жұмыстарды есептеу техникасы, коммуникация және байланыс құралдарын пайдалана отырып орындайды;

– әдістемелік құжаттарды, техникалық құжаттаманы, сондай-ақ әзірленген жобалар мен бағдарламаларды жүзеге асыру жөнінде ұсыныстар мен іс-шараларды әзірлейді;

– техникалық-экономикалық талдау жүргізеді, қабылданатын және іске асырылатын шешімдерді кешенді түрде негіздейді, жұмыстарды (көрсетілетін қызметтерді) орындау циклін қысқарту мүмкіндіктерін қарастырады; оларды орындау үдерісін дайындауға, ұйым бөлімшелерін қажетті техникалық деректер, құжаттар, материалдар және жабдықпен қамтамасыз етуге көмектеседі;

– ұйымның (ұйым бөлімшелерінің) жобалары мен бағдарламаларын зерттеу-әзірлеуге, жабдықты сынауға және оны пайдалануға енгізуге байланысты іс-шараларды жүргізуге, сондай-ақ техникалық құралдарды, жүйелерді, процестерді, жабдықтар мен материалдарды стандарттау жөніндегі жұмыстарды орындауға, техникалық құжаттаманы қарауға және орындалатын жұмыс мәселелеріне бойынша қажетті шолуларды, пікірлерді, қорытындыларды дайындауға қатысады;

– ақпаратты, техникалық деректерді, жұмыс көрсеткіштері мен нәтижелерін зерделейді және талдайды, оларды жинақтап-жүйелейді; заманауи электрондық-есептеу техникасын пайдалана отырып, қажетті есептеулерді жүргізеді;

– жұмыс кестесін, тапсырыстарды, өтінімдерді, нұсқаулықтарды, түсіндірме жазбаларды, карталарды, сызбаларды, техникалық құжаттаманы, сондай-ақ бекітілген нысандар бойынша және нақтыланған мерзімдерде белгіленген есеп беруді орындайды; жобалар мен бағдарламаларды, жоспарлар мен келісімшарттарды іске асыру кезінде әдістемелік және практикалық тұрғыдан көмек көрсетеді;

– техникалық құжаттаманың сараптамасын, жабдықтың жай-күйі мен пайдаланылуын қадағалау мен бақылауды жүзеге асырады;

– белгіленген талаптардың, қолданыстағы нормалардың, ережелер мен стандарттардың сақталуын қадағалайды;

– қызметкерлердің ғылыми-техникалық білімдерін жетілдіруге қатысты жұмысты ұйымдастырады;

– шығармашылық бастаманы, оңтайланландыру үдерісін, өнертапқыштықты дамытуға, отандық және шетелдік ғылымның, техниканың жетістіктерін енгізуге, ұйымның тиімді жұмысын қамтамасыз ететін озық тәжірибедерді пайдалануға ықпал етеді.

Білуге тиіс:

– еңбек саласындағы Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілері мен ұйымның өндірістік-шаруашылық қызметін реттейтін Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерін;

- орындалатын жұмыс мәселелеріне қатысты әдістемелік және нормативтік материалдарды;
- ұйым (ұйым бөлімшелері) қызметінің ерекшеліктері мен техникалық даму перспективаларын;
- әзірленетін және пайдаланылатын техникалық құралдарының, материалдар мен олардың қасиеттерінің жұмыс қағидаттарын, техникалық сипаттамалары мен құрылымдық ерекшеліктерін;
- есептеу техникаларының, коммуникациялар мен байланыстың заманауи құралдарын;
- зерттеу әдістері, жұмыстарды орындау ережелері мен шарттарын;
- техникалық құжаттамаға, материалдар мен бұйымдарға қойылатын негізгі талаптарды;
- техникалық құжаттаманы жасау және ресімдеу бойынша қолданыстағы стандарттарды, техникалық шарттарды, ережелер мен нұсқаулықтарды;
- техникалық есептеулерді жүргізу әдістерін, зерттеулер мен әзірлемелердің экономикалық тиімділігін анықтау әдістерін;
- ғылым мен техниканың жетістіктерін, тиісті қызмет саласындағы озық отандық және шетелдік тәжірибелерді;
- экономика, еңбекті ұйымдастыру және басқару негіздерін.

Біліктілікке қойылатын талаптар:

- жұмыс өтіліне талап қойылмайтын тиісті кадрларды даярлау бағыты бойынша жоғары (немесе жоғары оқу орнынан кейінгі) білімі немесе жұмыс өтіліне талап қойылмайтын тиісті мамандық (біліктілік) бойынша техникалық және кәсіптік (орта арнайы, орта кәсіптік), орта білімнен кейінгі білімі болу керек.

Тиісті санатты айқындай отырып, біліктілікке қойылатын талаптар:

біліктілігі жоғары деңгейдегі маман:

- кадрларды даярлаудың тиісті бағыты бойынша жоғары (немесе жоғары оқу орнынан кейінгі) білім және бірінші санаттағы инженер лауазымында жұмыс өтілі кемінде 3 жыл немесе мамандығы бойынша жұмыс өтілі кемінде 5 жыл;
- бірінші санатты: кадрларды даярлаудың тиісті бағыты бойынша жоғары (немесе жоғары оқу орнынан кейінгі) білім және екінші санатты инженер лауазымында жұмыс өтілі кемінде 2 жыл немесе мамандығы бойынша жұмыс өтілі кемінде 4 жыл;
- екінші санатты: кадрларды даярлаудың тиісті бағыты бойынша жоғары (немесе жоғары оқу орнынан кейінгі) білім және инженер лауазымында жұмыс өтілі кемінде 1 жыл немесе мамандығы бойынша жұмыс өтілі кемінде 3 жыл;

біліктілігі орта деңгейдегі маман:

- жоғары санатты: техникалық және кәсіптік (орта арнайы, орта кәсіптік), орта білімнен кейінгі білім және бірінші санатты инженерлік-техникалық лауазымдардағы жұмыс өтілі кемінде 3 жыл немесе мамандығы бойынша жұмыс өтілі кемінде 5 жыл;
- бірінші санатты: техникалық және кәсіптік (орта арнайы, орта кәсіптік), орта білімнен кейінгі және екінші санатты инженерлік-техникалық лауазымдардағы жұмыс өтілі кемінде 2 жыл немесе мамандығы бойынша жұмыс өтілі кемінде 4 жыл;
- екінші санатты: техникалық және кәсіптік (орта арнайы, орта кәсіптік), орта білімнен кейінгі және инженерлік-техникалық лауазымдардағы жұмыс өтілі кемінде 1 жыл немесе мамандығы бойынша жұмыс өтілі кемінде 3 жыл.

«Еңбек ету қабілетінен айырылған жағдайда төленетін әлеуметтік төлемдерді тағайындау» мемлекеттік қызмет стандарты өзгерді

«Әлеуметтік төлемдердің мөлшерлерін есептеу (айқындау), Мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру қорынан төленетін әлеуметтік төлемдерді тағайындау, қайта есептеу, тоқтата тұру, қайта бастау, тоқтату және жүзеге асыру қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 2020 жылғы 8 маусымдағы № 217 бұйрығына өзгерістер енгізу туралы»

Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 2021 жылдың 2 ақпанындағы № 22-бұйрығы

Күшіне енді: 2021.20.02 бастап

Мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру қорынан төленетін әлеуметтік төлемдер бойынша мемлекеттік қызметтердің стандарттарының жаңа редакциясында төмендегі мәселелер қарастырылған:

- еңбек ету қабілетінен айырылған жағдайда төленетін әлеуметтік төлем тағайындау;
- асыраушысынан айырылған жағдайда төленетін әлеуметтік төлем тағайындау;
- жұмысынан айырылған жағдайда төленетін әлеуметтік төлем тағайындау;
- жүктілікке және босануға, жаңа туған баланы (балаларды) асырап алуға байланысты табысынан айырылған жағдайларда әлеуметтік төлем тағайындау);
- бір жасқа толған кезде бала күтіміне байланысты табысынан айырылған жағдайда әлеуметтік төлем тағайындау.

Бұдан әрі «Еңбек ету қабілетінен айырылған жағдайда төленетін әлеуметтік төлемдер тағайындау» Мемлекеттік қызмет стандартының жаңа редакциясын ұсынамыз. Жаңа редакциядағы қалған стандарттармен сіз біздің журналдың нормативтік-құқықтық базасынан таныса аласыз.

Мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру қорынан төленетін әлеуметтік төлемдерді тағайындау, мөлшерін есептеу, (айқындау), қайта есептеу, тоқтата тұру, қайта бастау, тоқтату сондай-ақ олардың жүзеге асырылу қағидаларына 6-қосымша

«Еңбекке қабілеттілігінен айырылу жағдайына әлеуметтік төлем тағайындау» мемлекеттік қызмет көрсету стандарты		
1	Қызмет көрсетушінің аты	«Мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру қоры» акционерлік қоғамы және оның филиалдары (бұдан әрі – қор).

2	Мемлекеттік қызметтерді көрсету әдістері	1) «Азаматтарға арналған үкімет» мемлекеттік корпорациясы; 2) жалпы еңбек қабілеттілігінен айрылу дәрежесін бастапқы тұрғыда анықтайтын Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі Еңбек, әлеуметтік қорғау және көші-қон комитетінің аумақтық бөлімшесі (бұдан әрі – МӘС бөлімшесі); 3) ұялы байланыстың абоненттік құрылғысы.
3	Мемлекеттік қызмет көрсету мерзімі	8 (сегіз) жұмыс күні. Құжаттар топтамасын тапсыру үшін күтудің рұқсат етілген ең ұзақ уақыты – «Азаматтарға арналған үкімет» мемлекеттік корпорациясына – 15 минут. «Азаматтарға арналған үкімет» мемлекеттік корпорациясында көрсетілетін қызметті алушыға қызмет көрсетудің рұқсат етілген ең ұзақ уақыты – 20 минут.
4	Мемлекеттік қызмет көрсету түрі	Қағаз түрінде / проактивті.
5	Мемлекеттік қызмет көрсету нәтижесі	Осы Қағидалардағы 27-қосымшаға сәйкес нысан бойынша әлеуметтік тәуекелдер жағдайына төленетін әлеуметтік төлемді тағайындау (тағайындаудан бас тарту) туралы хабарлама. Проактивті қызмет көрсету кезінде: көрсетілетін қызметті алушының ұялы телефонына sms-хабарламалар.
6	Мемлекеттік қызмет көрсету кезінде көрсетілетін қызметті алушыдан алынатын ақы мөлшері және Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген жағдайларда оны өндіріп алу тәсілдері	Мемлекеттік қызметтер жеке тұлғаларға тегін көрсетіледі.
7	Жұмыс кестесі	1) «Азаматтарға арналған үкімет» мемлекеттік корпорациясында – Қазақстан Республикасының Еңбек кодексіне сәйкес жексенбі және мереке күндерінен басқа, жұмыс графигіне сай дүйсенбіден бастап сенбіні қоса алғанда, түскі үзіліссіз сағат 9.00-ден 20.00-ге дейін. Қабылдау «электрондық кезек» тәртібінде, көрсетілетін қызметті алушының тұрғылықты жері бойынша жеделдетіп қызмет көрсетусіз жүзеге асырылады, электрондық кезекті портал арқылы броньдауға болады; 2) қорда – Қазақстан Республикасының Еңбек кодексіне сәйкес сенбі, жексенбі және мереке күндерінен басқа, дүйсенбіден бастап жұманы қоса алғанда, сағат 13.00-ден 14.30-ға дейін түскі үзіліспен сағат 9.00-ден 18.30-ға дейін. 3) МӘС бөлімшесінде – Қазақстан Республикасының Еңбек кодексіне сәйкес демалыс және мереке күндерінен басқа, дүйсенбіден бастап жұманы қоса алғанда, сағат 13.00-ден 14.30-ға дейін түскі үзіліспен сағат 9.00-ден 18.30-ға дейін. Мемлекеттік қызметті көрсетуге өтінішті қабылдау кестесі: сағат 13.00-ден 14.30-ға дейін түскі үзіліспен сағат 9.00-ден 17.30-ға дейін. Мемлекеттік қызмет алдын ала жазылусыз және жеделдетіп қызмет көрсетусіз кезек тәртібінде көрсетіледі.

8	Мемлекеттік қызмет көрсету үшін қажетті құжаттар тізбесі	<p>Мемлекеттік қызмет көрсету үшін көрсетілетін қызметті алушы (немесе нотариат растаған сенімхат бойынша оның өкілі) Мемлекеттік корпорацияға жүгінген кезде осы Қағидалардағы 1-қосымшаға сәйкес нысан бойынша өтінішті, МӘС бөлімшесіне жүгінген кезде осы Қағидалардағы 3-қосымшаға сәйкес нысан бойынша өтінішті және мынадай құжаттарды ұсынады:</p> <p>1) «Жеке басты куәландыратын құжаттар туралы» Қазақстан Республикасының Заңы 6-бабының 1-тармағына сәйкес жеке басты куәландыратын құжат (жеке басты сәйкестендіру үшін талап етіледі);</p> <p>2) Байқоңыр қаласының тұрғындары үшін – Байқоңыр қаласы тұрғын үй шаруашылығының азаматтарды есепке алу және тіркеу жөніндегі бөлімінің анықтамасы);</p> <p>Құжаттарды мемлекеттік ақпараттық жүйелерден алу мүмкіндігі болған кезде оларды ұсыну талап етілмейді.</p> <p>Көрсетілетін қызметті алушы осы тармақта көрсетілген құжаттарды Мемлекеттік корпорацияға берген кезде көрсетілетін қызметті алушыға тиісті құжаттардың қабылданғаны туралы қолхат беріледі.</p> <p>Көрсетілетін қызметті алушы осы тармақта көрсетілген құжаттарды МӘС бөлімшесіне берген кезде көрсетілетін қызметті алушыға құжаттардың қабылданғаны туралы белгісі бар өтініштің үзбелі талоны беріледі.</p> <p>Проактивті қызмет арқылы:</p> <p>әлеуметтік төлем тағайындау үшін – көрсетілетін қызметті алушының ұялы байланысының абоненттік құрылғысы арқылы проактивті қызмет көрсетуге келісімі, сондай-ақ көрсетілетін қызметті алушыға банк шотының нөмірін растау немесе ұсыну туралы хабарлама жіберіледі.</p> <p>Бұл ретте оларды екінші деңгейлі банктен алу мүмкіндігі болған жағдайда банктік шот нөмірін көрсету қажет емес.</p>
9	Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген мемлекеттік қызметті көрсетуден бас тарту үшін негіздер	<p>1) көрсетілетін қызметті алушы мемлекеттік көрсетілетін қызметті алу үшін ұсынған құжаттардың (мәліметтердің) және (немесе) оларда қамтылған деректердің (мәліметтердің) дәйексіздігін анықтау;</p> <p>2) қызметті алушының және (немесе) мемлекеттік қызмет көрсету үшін қажетті ұсынылған материалдардың, деректердің және мәліметтердің осы Қағидаларда белгіленген талаптарға сәйкес келмеуі.</p> <p>Көрсетілетін қызметті алушы мемлекеттік қызметті көрсетуден бас тарту себептерін жойған жағдайда, көрсетілетін қызметті алушы осы Стандартта белгіленген тәртіппен мемлекеттік қызметті алу үшін қайта жүгінеді.</p>
10	Мемлекеттік қызметтер көрсету ерекшеліктерін ескере отырып, басқа да талаптар, оның ішінде электрондық түрде және Мемлекеттік корпорация арқылы	<p>Проактивті қызмет арқылы еңбекке қабілеттіліктен айырылу жағдайына әлеуметтік төлем тағайындау қызметтерді көрсету субъектісінің бастамасымен ұсынылады, оны көрсету үшін қызметті алу субъектісінің ұялы байланыстың абоненттік құрылғысы арқылы берген міндетті келісімі қажет (көрсетілетін қызметті алушының ұялы байланысының абоненттік құрылғысының телефон нөмірін порталда тіркеген, жалпы еңбекке қабілеттілігінен айырылу дәрежесін алғаш рет белгілеу кезінде, қызмет алушының әлеуметтік аударымдарының болуы, міндетті әлеуметтік сақтандыру жүйесіне қатысудың қажетті етілінің болуы, банктерде және (немесе) банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдарда ашылған банк шоты нөмірінің болуы).</p>

	<p>Өзіне-өзі қызмет көрсетуді, өз бетінше жүріп-тұруды, бағдарлауды жүзеге асыру қабілетін немесе мүмкіндігін заңнамада белгіленген тәртіппен толық немесе ішінара жоғалтқан көрсетілетін қызметті алушылар Бірыңғай байланыс орталығына «1414», 8 800 080 77 77 телефондары арқылы жүгінгенде, мемлекеттік қызмет көрсету үшін құжаттарды қабылдауды Мемлекеттік корпорацияның қызметкері тұрғылықты жеріне барып жүргізеді.</p> <p>Мемлекеттік көрсетілетін қызмет МӘС бөлімшесінде:</p> <p>1) тиісті өңірдің МӘС бөлімшелерінің (МӘС бөлімдерінің және (немесе) МӘС әдіснама және бақылау бөлімдерінің) орналасқан жері бойынша;</p> <p>2) көшпелі отырыстарда:</p> <ul style="list-style-type: none"> – көрсетілетін қызметті алушының тұрғылықты (тіркелген) жеріндегі емдеу-профилактикалық мекемелер базасында; – мамандандырылған мекемелерде емделіп жатқан орны бойынша; – көрсетілетін қызметті алушының барған жері бойынша түзеу мекемелері мен тергеу изоляторларында; – үйде, стационарда – егер адам дәрігерлік-консультациялық комиссияның қорытындысына сәйкес денсаулық жағдайы бойынша медициналық-әлеуметтік сараптамаға келе алмайтын болса; <p>3) сырттай – куәландырылатын адам тасымалдауға келмейтін және/немесе қызмет көрсетілетін өңірден тыс жерде стационарлық емделуде жүрген болса, куәландырылатын адамның немесе заңды өкілінің келісімімен осы мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартында айқындалған құжаттарды ұсыну негізінде көрсетеді.</p> <p>Көрсетілетін қызметті алушының мемлекеттік қызметті көрсету тәртібі мен статусы туралы ақпаратты Бірыңғай байланыс орталығының «1414», 8-800-080-7777 телефондары арқылы алуға мүмкіндігі бар.</p> <p>Мемлекеттік қызметтер көрсетілетін жерлердің мекенжайлары мынадай интернет-ресурстарда орналастырылған:</p> <p>1) Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің «Мемлекеттік қызметтер» бөлімі – www.enbek.gov.kz;</p> <p>2) мемлекеттік корпорация – www.gov4c.kz.</p>
--	---

АҚПАРАТ

«ЖҚЭДО-Қазақстан» ЖШС Дамыту және білім беру бағдарламаларын іске асыру бөлімі семинарлар ұйымдастырады және өткізеді

050009, Алматы қ, Шевченко көшесі, 165б,
 Радостовец көшесінің қиылысы, 72г, 712 кеңсе
 Тел./факс: +7 (727) 237-77-03, +7 (727) 323-62-14,
 +7 (727) 323-62-15, +7 (727) 323-62-29 (ішкі: 106, 107, 108)

Жетекшісі: А. Нұрқасымова +7 777 273 32 28
 Менеджерлер: К. Қарабекова +7 702 953 01 07,

Электрондық мекенжай: seminar@mcfk.kz

Біздің сайтымыз: www.seminar.mcfk.kz

Өтінімді жүктеу

Семинарлардың кестесі

Көшпелі семинарлар ұйымдастырылады

Өрт қауіпсіздігі саласындағы аудит бойынша сараптама ұйымдарын аккредиттеу қағидаларының жаңартылған редакциясы

«Өрт қауіпсіздігі саласындағы аудит жөніндегі қызметті жүзеге асыруға сараптама ұйымдарын аккредиттеу қағидаларын бекіту туралы»

Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің 2015 жылғы 13 ақпандағы № 112-бұйрығы (2021.02.02 ж. өзгерістер мен толықтырулармен)

Өрт қауіпсіздігі саласындағы аудит жөніндегі қызметті жүзеге асыруға сараптама ұйымдарын аккредиттеу қағидалары 1-тарау. Жалпы ережелер

1. Осы Өрт қауіпсіздігі саласындағы аудит жөніндегі қызметті жүзеге асыруға сараптама ұйымдарын аккредиттеу қағидалары (бұдан әрі – Қағидалар) 2014 жылғы 11 сәуірдегі «Азаматтық қорғау туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 12-бабының 1-тармағының 70-30) тармақшаларына және «Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы» 2013 жылғы 15 сәуірдегі Қазақстан Республикасы Заңының 10-бабының 1) тармақшасына сәйкес өзірленді және өрт қауіпсіздігі саласындағы аудит қызметін жүзеге асыруға сараптама ұйымдарын аккредиттеу тәртібін айқындайды.

2. Өрт қауіпсіздігі саласындағы аудит жөніндегі қызметті жүзеге асыруға сараптама ұйымдарын аккредиттеуді азаматтық қорғау саласындағы уәкілетті органның ведомствосы жүзеге асырады.

2-тарау. Өрт қауіпсіздігі саласындағы аудит жөніндегі қызметті жүзеге асыруға сараптама ұйымдарын аккредиттеу бойынша мемлекеттік қызмет көрсету тәртібі

3. Өрт қауіпсіздігі саласындағы аудит жөніндегі қызметті жүзеге асыруға сараптама ұйымдарын аккредиттеу аттестатын (бұдан әрі – Аккредиттеу) алу үшін заңды және жеке тұлғалар (бұдан әрі – көрсетілетін қызметті алушы) Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар министрлігінің Өртке қарсы қызмет комитетіне (бұдан әрі – көрсетілетін қызметті беруші) «Е-лицензиялау» мемлекеттік дерекқор» ақпараттық жүйесінде (бұдан әрі – Портал) «электрондық үкімет» веб-порталы арқылы осы Қағидалардағы 1-қосымшаға сәйкес электрондық құжат нысанында өтініш береді.

Қызмет көрсету процесінің сипаттамасын, нысанын, мазмұны мен нәтижесін, сондай-ақ мемлекеттік қызмет көрсету ерекшеліктерін ескере отырып, өзге де мәліметтерді қамтитын мемлекеттік қызмет көрсетуге қойылатын негізгі талаптардың тізбесі осы

Қағидалардағы 2-қосымшаға сәйкес Мемлекеттік қызмет көрсету стандартында (бұдан әрі – Стандарт) жазылған.

Заңды тұлғаны мемлекеттік тіркеу, ғимараттың немесе үй-жайдың бар-жоғы, көрсетілетін қызмет алушы жұмыскерлерінің білімі және еңбек қызметі (көрсетілетін қызметті алушы жұмыскерлердің жеке сәйкестендіру нөмірлерін көрсеткен кезде) туралы мәліметтерді көрсетілетін қызметті беруші «электрондық үкіметтің» шлюзі арқылы тиісті мемлекеттік ақпараттық жүйелерден алады.

Көрсетілетін қызметті алушының «жеке кабинетіне» мемлекеттік қызмет көрсетуге өтінішті қарау мәртебесі туралы ақпарат, сондай-ақ мемлекеттік қызмет нәтижесін алу күні мен уақыты көрсетілген хабарлама жіберіледі.

Мемлекеттік қызметтерді көрсетуге өтініш бергеннен кейін көрсетілетін қызметті берушінің кеңсе қызметкері өтінішті Порталда тіркеуді жүзеге асырады, көрсетілетін қызметті алушы құжаттарды қабылдау туралы хабарлама алады, көрсетілетін қызметті берушінің басшысы өтінішті орындаушыны анықтайды. Көрсетілетін қызметті алушы еңбек заңнамасына сәйкес жұмыс уақыты аяқталғаннан кейін, демалыс және мереке күндері жүгінген кезде өтініштерді қабылдау және мемлекеттік қызмет көрсету нәтижелерін беру келесі жұмыс күні жүзеге асырылады.

4. Көрсетілетін қызметті берушінің орындаушысы құжаттарды алған сәттен бастап екі жұмыс күні ішінде ұсынылған құжаттардың толықтығын тексереді.

Көрсетілетін қызметті алушы құжаттар топтамасын және (немесе) қолданылу мерзімі өткен құжаттарды толық ұсынбаған жағдайда, көрсетілетін қызметті берушінің орындаушысы көрсетілген мерзімде көрсетілетін қызметті беруші басшысының электрондық цифрлық қолтаңбасымен (бұдан әрі – ЭЦҚ) қолы қойылған электрондық құжат нысанында өтінішті одан әрі қараудан дәлелді бас тартуды дайындайды және көрсетілетін қызметті алушының жеке кабинетіне жолдайды.

Көрсетілетін қызметті алушы Аккредиттеу аттестатын алу үшін құжаттардың толық топтамасын ұсынған жағдайда көрсетілетін қызметті берушінің орындаушысы төрт жұмыс күні ішінде құжаттарды Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің 2015 жылғы 13 ақпандағы № 110-бұйрығымен бекітілген Сараптама ұйымдарына қойылатын рұқсат беру талаптарына (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 10496 болып бекітілген, «Әділет» ақпараттық-құқықтық жүйесінде 2015 жылғы 2 сәуірде жарияланған) сәйкестігі тұрғысынан қарайды.

Орындаушы көрсетілетін қызметті алушыға тиісті тексеру жүргізілгеннен кейін қағаз форматта аттестат беру құқығына арналған құжаттарды қоса бере отырып, көрсетілетін қызметті беруші басшысының атына баянат немесе аттестат беруден дәлелді бас тарту жасайды және Порталда мемлекеттік қызмет көрсету нәтижесін қалыптастырады.

Көрсетілетін қызметті берушінің басшысы бір жұмыс күні ішінде электрондық нәтижеге қол қояды және оны Портал арқылы беруді жүзеге асырады.

Көрсетілетін қызметті беруші «Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 25-бабы 2-тармағының 11) тармақшасына сәйкес Мемлекеттік қызметтер көрсету мониторингінің ақпараттық жүйесіне ақпараттандыру саласындағы уәкілетті орган белгілеген тәртіппен мемлекеттік қызмет көрсету сатысы туралы деректерді енгізуді қамтамасыз етеді.

Ақпараттық жүйенің ақауы болған жағдайда, электрондық байланыс болмаған немесе хабарламаларды жіберуге кедергі келтіретін өзге де жағдайлар туындаған кезде, көрсетілетін қызметті берушінің уәкілетті бөлімшесі техникалық істен шығудың пайда болуы анықталған сәттен бастап көрсетілген себептерді анықтау және жою үшін (жұмыс күндері сағат 9:00-ден 18:30-ға дейін) шаралар қабылдайды.

Хабарламаларды жөнелтудің бір сағаттан артық кідіруіне әкеп соғатын авариялық жағдайдың әрбір жағдайын көрсетілетін қызметті берушінің уәкілетті бөлімшесінің жауапты орындаушысы арнайы журналға тіркейді.

5. Қызметті беруші көрсетілген мерзімде осы Қағидалардағы 3-қосымшаға сәйкес нысан бойынша өрт қауіпсіздігі саласындағы аудит жөніндегі қызметті жүзеге асыру құқығына тиісті аккредиттеу аттестатын бірмезгілде бере отырып, Стандартқа сәйкес аттестаттау жөніндегі өзінің шешімі туралы не аттестаттаудан дәлелді бас тарту туралы өтініш берушілерді хабардар етеді.

6. Аттестаттау нәтижелері осы Қағидалардағы 4-қосымшаға сәйкес нысан бойынша сараптама ұйымдарының мемлекеттік тізіліміне енгізіледі және ведомствоның сайтына орналастырылады.

7. Аккредиттеуді өткізу үшін құжаттар, сондай-ақ оның нәтижелері іске қалыптастырылады.

8. Аттестаттың қолданылуы мынадай негіздер бойынша тоқтатылады:

- 1) ұйымның аттестаттың қолданылуын тоқтату туралы өтініш беруі (еркін нысанда);
- 2) заңды тұлғаны тарату.

3-тарау. Мемлекеттік қызметтер көрсету мәселелері бойынша көрсетілетін қызметті берушінің және (немесе) оның лауазымды адамдарының шешімдеріне, әрекетіне (әрекетсіздігіне) шағымдану тәртібі

9. Мемлекеттік қызметтер көрсету мәселелері бойынша көрсетілетін қызметті берушінің шешіміне, әрекетіне (әрекетсіздігіне) шағым Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес көрсетілетін қызметті беруші басшысының атына, мемлекеттік қызметтер көрсету сапасын бағалау және бақылау жөніндегі уәкілетті органға берілуі мүмкін.

«Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 25-бабының 2) тармақшасына сәйкес көрсетілетін қызметті берушінің мекенжайына келіп түскен көрсетілетін қызметті алушының шағымы тіркелген күнінен бастап 5 (бес) жұмыс күні ішінде қаралуға жатады.

Мемлекеттік қызметтер көрсету сапасын бағалау және бақылау жөніндегі уәкілетті органның атына келіп түскен көрсетілетін қызметті алушының шағымы тіркелген күнінен бастап 15 (он бес) жұмыс күні ішінде қаралуға жатады.

Мемлекеттік қызметтер көрсету нәтижелерімен келіспеген жағдайда көрсетілетін қызметті алушы Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіпте сотқа жүгінеді.

Өрт қауіпсіздігі саласындағы
аудит жөніндегі қызметті
жүзеге асыруға сараптама ұйымдарын
аккредиттеу қағидаларына
2-қосымша

«Өрт қауіпсіздігі саласындағы аудит жөніндегі сараптама ұйымдарын аккредиттеу» мемлекеттік қызмет көрсету стандарты		
1	Қызмет берушінің атауы	Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар министрлігінің Өртке қарсы қызмет комитеті.
2	Мемлекеттік қызмет көрсету тәсілдері (каналдары)	Өтінішті қабылдау және мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесін беру: «Е-лицензиялау» мемлекеттік дерекқор» ақпараттық жүйесінде «электрондық үкіметтің» веб-порталы (бұдан әрі – Портал) арқылы жүзеге асырылады.
3	Мемлекеттік қызмет көрсету мерзімі	7 жұмыс күні.
4	Мемлекеттік қызмет көрсету нысаны	Электрондық.
5	Мемлекеттік қызмет көрсету нәтижесі	Мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесі – өрт қауіпсіздігі саласындағы аудит жөніндегі қызметті жүзеге асыру құқығына аккредиттеу аттестатын беру Мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесін ұсыну нысаны: электрондық.
6	Мемлекеттік қызметті көрсету кезінде көрсетілетін қызметті алушыдан алынатын төлем мөлшері және мемлекеттік қызметті көрсету үшін Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген жағдайларда оны алу тәсілдері	Мемлекеттік қызмет жеке және заңды тұлғаларға тегін көрсетіледі.
7	Жұмыс графигі	1) қызмет беруші 2015 жылғы 23 қарашадағы Қазақстан Республикасының Еңбек кодексіне (бұдан әрі – Кодекс) сәйкес мереке және демалыс күндерін қоспағанда, дүйсенбіден жұмаға дейін сағат 09.00-ден сағат 18.30-ға дейін, сағат 13.00-ден сағат 14.30-ға түскі үзіліспен. 2) порталда – жөнделу жұмыстарын жүргізуге байланысты техникалық үзілістерді қоспағанда, тәулік бойы (көрсетілетін қызметті алушы жұмыс уақыты аяқталғаннан кейін, Кодекске сәйкес демалыс және мереке күндері жүгінген кезде өтініштерді қабылдау және мемлекеттік қызмет көрсету нәтижелерін беру келесі жұмыс күні жүзеге асырылады). Мемлекеттік қызмет көрсету орнының мекенжайлары: 1) көрсетілетін қызметті берушінің интернет-ресурстарында: www.emer.gov.kz ; 2) «электрондық үкімет» веб-порталында: www.egov.kz , www.elicense.kz ескерту.

8	Мемлекеттік қызмет көрсету үшін қажетті құжаттар тізбесі	Көрсетілетін қызметті алушының электрондық цифрлық қолтаңбасымен қолы қойылған электрондық сұрау салу.
9	Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген мемлекеттік қызмет көрсетуден бас тарту негіздері	1) мемлекеттік қызметті алу үшін көрсетілетін қызметті алушы ұсынған құжаттардың және (немесе) оларда қамтылған деректердің (мәліметтердің) дәйексіздігі анықталғанда; 2) көрсетілетін қызметті алушының және (немесе) мемлекеттік қызметті көрсету үшін қажетті ұсынылған материалдар мен объектілердің осы Стандарттың 8-тармағында көрсетілген рұқсат беру талаптарына сәйкес келмеуі; 3) көрсетілетін қызметті алушыға қатысты заңды күшіне енген соттың белгілі бір мемлекеттік қызметті алуды талап ететін қызметке немесе жекелеген қызмет түрлеріне тыйым салу туралы шешімі (үкімі) бар болса.
10	Мемлекеттік қызметті, оның ішінде электрондық нысанда және Мемлекеттік корпорация арқылы көрсету ерекшеліктері ескеріле отырып қойылатын өзге де талаптар	Көрсетілетін қызметті алушының ЭЦҚ-сы болған жағдайда, мемлекеттік көрсетілетін қызметті электрондық нысанда портал арқылы алу мүмкіндігі бар. Көрсетілетін қызметті алушының мемлекеттік қызметті көрсету тәртібі мен мәртебесі туралы ақпаратты қашықтықтан қол жеткізу режимінде порталдағы «жеке кабинеті», көрсетілетін қызметті берушінің кеңсесі, сондай-ақ мемлекеттік қызмет көрсету мәселелері бойынша бірыңғай байланыс орталығы арқылы алу мүмкіндігі бар. Көрсетілетін қызметті беруші кеңсесінің байланыс телефондары 8 (7172) 60-21-33, бірыңғай байланыс орталығы 1414, 8 800 080 7777.

Өрт қауіпсіздігі саласындағы
аудит жөніндегі қызметті
жүзеге асыруға сараптама ұйымдарын
аккредиттеу қағидаларына
4-қосымша

Нысан

Сараптама ұйымдарының мемлекеттік тізілімі

Р/с №	Сараптама ұйымының атауы басшының Т.Ә.Ж.	Аккредиттеу аттестатының нөмірі	Аттестаттың қолданылу мерзімі	Мекенжайы	Телефоны

Азаматтық қорғау органдарының азаматтық қызметшілер лауазымдарының тізілімін бекітілді

«Қазақстан Республикасы азаматтық қорғау органдарының азаматтық қызметшілер лауазымдарының тізілімін бекіту туралы»

Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар министрінің 2021 жылғы 9 ақпандағы №63-бұйрығы

Күшіне енді: 2021.01.03

Қазақстан Республикасы азаматтық қорғау органдарының азаматтық қызметшілер лауазымдарының тізілімі

Буын	Деңгей	Лауазымдар атауы
А блогы (басқарушылық персонал)		
A1	1	Республикалық маңызы бар ММ басшысы: Қазақстан Республикасы ТЖМ Қазселденқорғау; Қазақстан Республикасы ТЖМ Апаттар медицинасы орталығының.
	1-1	Республикалық маңызы бар ММ басшысының орынбасары: Қазақстан Республикасы ТЖМ Қазселденқорғау; Қазақстан Республикасы ТЖМ Апаттар медицинасы орталығының.
	2	Облыстық (астананың, республикалық маңызы бар қаланың) маңызы бар ММ басшысы: Республикалық жедел-құтқару жасағының.
	2-1	Облыстық (астананың, республикалық маңызы бар қаланың) маңызы бар ММ басшысының орынбасары: Республикалық жедел-құтқару жасағы; облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың және астананың ТЖД өрт сөндіру және авариялық-құтқару жұмысы қызметтері.
A2	1	Республикалық маңызы бар ММ филиалының басшысы: Қазақстан Республикасы ТЖМ Қазселденқорғау; Қазақстан Республикасы ТЖМ Апаттар медицинасы орталығының. Республикалық маңызы бар ММ бас бухгалтері, қаржы қызметінің бастығы: Қазақстан Республикасы ТЖМ Қазселденқорғау; Қазақстан Республикасы ТЖМ Апаттар медицинасы орталығының; Қазақстан Республикасы ТЖМ Көкшетау техникалық институтының.
	1-1	Республикалық маңызы бар ММ филиалы басшысының орынбасары: Қазақстан Республикасы ТЖМ Қазселденқорғау; Қазақстан Республикасы ТЖМ Апаттар медицинасы орталығы. Республикалық маңызы бар ММ бас бухгалтерінің орынбасары, қаржы қызметі бастығының орынбасары, бөлім бастығы, медициналық бөлімнің (бөлім құқығындағы), хатшылықтың (бөлім құқығындағы) басшысы:

		<p>Қазақстан Республикасы ТЖМ Қазселденқорғау; Қазақстан Республикасы ТЖМ Апаттар медицинасы орталығының; Қазақстан Республикасы ТЖМ Көкшетау техникалық институтының. Республикалық маңызы бар ММ бөлімшесінің, зертханасының (денсаулық сақтау саласында қызметтің негізгі түрі) басшысы (меңгерушісі): Қазақстан Республикасы ТЖМ Апаттар медицинасы орталығының.</p>
	2	<p>Облыстық (астананың, республикалық маңызы бар қаланың) маңызы бар ММ бас бухгалтері, қаржы қызметінің бастығы: Республикалық жедел-құтқару жасағының; облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың және астананың ТЖД өрт сөндіру және авариялық-құтқару жұмысы қызметтерінің.</p>
	2-1	<p>Республикалық маңызы бар ММ бөлімшесінің (денсаулық сақтау саласында қызметтің негізгі түрі) басшысы (меңгерушісі): Қазақстан Республикасы ТЖМ Апаттар медицинасы орталығының. Республикалық маңызы бар ММ филиалының бөлім басшысы (меңгерушісі): Қазақстан Республикасы ТЖМ Апаттар медицинасы орталығының; Қазақстан Республикасы ТЖМ Қазселденқорғау. Облыстық (астананың, республикалық маңызы бар қаланың) маңызы бар ММ бөлімінің басшысы, медициналық бөлігінің (бөлім құқығындағы) басшысы: Республикалық жедел-құтқару жасағының; облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың және астананың ТЖД өрт сөндіру және авариялық-құтқару жұмысы қызметтерінің.</p>
A-3	1	<p>Республикалық маңызы бар ММ бөлімшесінің, бөлім құрамындағы зертхананың (денсаулық сақтау саласында қызметтің негізгі түрі) басшысы (меңгерушісі): Қазақстан Республикасы ТЖМ Апаттар медицинасы орталығының. Республикалық маңызы бар ММ бөлімшесінің басшысы, медициналық бөлігінің (бөлімше құқығындағы), хатшылықтың (бөлімше құқығындағы) басшысы, бөлім басшысының орынбасары: Қазақстан Республикасы ТЖМ Қазселденқорғау; Қазақстан Республикасы ТЖМ Апаттар медицинасының орталығы; Қазақстан Республикасы ТЖМ Көкшетау техникалық институтының.</p>
	1-1	<p>Республикалық маңызы бар ММ дәріханасының меңгерушісі: Қазақстан Республикасы ТЖМ Апаттар медицинасы орталығының. Республикалық маңызы бар ММ бас: гидротехнигі, дирижері, инженері, инспекторы, механигі, жұмыс өндірушісі, экономисі, энергетигі: Қазақстан Республикасы ТЖМ Қазселденқорғау; Қазақстан Республикасы ТЖМ Апаттар медицинасының орталығы; Қазақстан Республикасы ТЖМ Көкшетау техникалық институтының.</p>
	2	<p>Облыстық (астананың, республикалық маңызы бар қаланың) маңызы бар ММ бөлім басшысының орынбасары, бөлімшесінің, зертханасының басшысы (меңгерушісі), медициналық бөлігінің (бөлімше құқығындағы) басшысы: Республикалық жедел-құтқару жасағының; облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың және астананың ТЖД өрт сөндіру және авариялық-құтқару жұмысы қызметтерінің. Республикалық маңызы бар ММ филиалының бөлім басшысының орынбасары, бөлімше басшысы (меңгерушісі): Қазақстан Республикасы ТЖМ Қазселденқорғау; Қазақстан Республикасы ТЖМ Апаттар медицинасы орталығының.</p>
	2-1	<p>Республикалық маңызы бар ММ филиалының дәріхана меңгерушісі: Қазақстан Республикасы ТЖМ Апаттар медицинасы орталығының. Бас: гидрологы, инженері, инспекторы, механигі, құтқарушысы, экономисі, энергетигі:</p>

		Республикалық маңызы бар ММ филиалының: Қазақстан Республикасы ТЖМ Қазселденқорғау; Қазақстан Республикасы ТЖМ Апаттар медицинасы орталығының; Облыстық маңызы бар (астананың, республикалық маңызы бар қаланың) ММ: Республикалық жедел-құтқару жасағының; облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың және астананың ТЖД өрт сөндіру және авариялық-құтқару жұмысы қызметтерінің.
В блогы (негізгі персонал)		
В1	1	Профессор.
	2	Бас сарапшы; жетекші ғылыми қызметкер; доцент.
	3	Жетекші сарапшы; аға ғылыми қызметкер; жоғары оқу орнының, оқу орталығының аға оқытушысы.
	4	Кеңесші; аға сарапшы; жоғары оқу орнының, оқу орталығының оқытушысы.
	5	Сарапшы; жоғары оқу орнының әдіскері.
«Денсаулық сақтау» саласында		
В2	1	Жоғары санаттың біліктілігі жоғары деңгейдегі мамандар: барлық мамандықтағы дәрігерлер.
	2	Бірінші санаттың біліктілігі жоғары деңгейдегі мамандар: барлық мамандықтағы дәрігерлер.
	3	Екінші санаттың біліктілігі жоғары деңгейдегі мамандар: барлық мамандықтағы дәрігерлер.
	4	Санаты жоқ біліктілігі жоғары деңгейдегі мамандар: барлық мамандықтағы дәрігерлер.
В3	1	Жоғары санаттың біліктілігі жоғары деңгейдегі мамандар: зертханашы, медициналық бике (аға), провизор (фармацевт).
	2	Бірінші санаттың біліктілігі жоғары деңгейдегі мамандар: зертханашы, медициналық бике (аға), провизор (фармацевт).
	3	Екінші санаттың біліктілігі жоғары деңгейдегі мамандар: зертханашы, медициналық бике (аға), провизор (фармацевт).
	4	Санаты жоқ санаттың біліктілігі жоғары деңгейдегі мамандар: зертханашы, медициналық бике (аға), қоғамдық денсаулық сақтау маманы (статистик), провизор (фармацевт).
В4	1	Жоғары санаттың біліктілігі орташа деңгейдегі мамандар: акушерка, емдәм бикесі, тіс дәрігері, тіс технигі, емдеу дене шынықтыру нұсқаушысы, зертханашы, медициналық бике (аға), медициналық зертханашы, рентген зертханашысы, санитарлық фельдшер (санитарлық дәрігердің көмекшісі), фармацевт, фельдшер (-зертханашы).
	2	Бірінші санаттың біліктілігі орташа деңгейдегі мамандар: акушерка, емдәм бикесі, тіс дәрігері, тіс технигі, емдеу дене шынықтыру нұсқаушысы, зертханашы, медициналық бике (аға), медициналық зертханашы, рентген зертханашысы, санитарлық фельдшер (санитарлық дәрігердің көмекшісі), фармацевт, фельдшер (-зертханашы).

	3	Екінші санаттың біліктілігі орташа деңгейдегі мамандар: акушерка, емдәм бикесі, тіс дәрігері, тіс технигі, емдеу дене шынықтыру нұсқаушысы, зертханашы, медициналық бике (аға), медициналық зертханашы, рентген зертханашысы, санитарлық фельдшер (санитарлық дәрігердің көмекшісі), фармацевт, фельдшер (-зертханашы).
	4	Санаты жоқ біліктілігі орташа деңгейдегі мамандар: акушерка, емдәм бикесі, тіс дәрігері, тіс технигі, емдеу дене шынықтыру нұсқаушысы, зертханашы, медициналық бике (аға), медициналық зертханашы, рентген зертханашысы, санитарлық фельдшер (санитарлық дәрігердің көмекшісі), фармацевт, фельдшер (-зертханашы).
өзге де саладағы		
	1	Жоғары санаттың біліктілігі жоғары деңгейдегі мамандар: тәрбиеші (қызметтің негізгі түрі); гидротехник (қызметтің негізгі түрі); инженер (қызметтің негізгі түрі); инспектор (қызметтің негізгі түрі); механик (қызметтің негізгі түрі); психолог (қызметтің негізгі түрі); жұмыс өндірушісі (қызметтің негізгі түрі); солист.
	2	Бірінші санаттың біліктілігі жоғары деңгейдегі мамандар: тәрбиеші (қызметтің негізгі түрі); гидротехник (қызметтің негізгі түрі); инженер (қызметтің негізгі түрі); инспектор (қызметтің негізгі түрі); механик (қызметтің негізгі түрі); психолог (қызметтің негізгі түрі); жұмыс өндірушісі (қызметтің негізгі түрі); солист.
	3	Екінші санаттың біліктілігі жоғары деңгейдегі мамандар: тәрбиеші (қызметтің негізгі түрі); гидротехник (қызметтің негізгі түрі); инженер (қызметтің негізгі түрі); инспектор (қызметтің негізгі түрі); механик (қызметтің негізгі түрі); психолог (қызметтің негізгі түрі); жұмыс өндірушісі (қызметтің негізгі түрі); солист.
	4	Санаты жоқ біліктілігі жоғары деңгейдегі мамандар: тәрбиеші (қызметтің негізгі түрі); гидротехник (қызметтің негізгі түрі); инженер (қызметтің негізгі түрі); инспектор (қызметтің негізгі түрі); механик (қызметтің негізгі түрі); психолог (қызметтің негізгі түрі); жұмыс өндірушісі (қызметтің негізгі түрі); солист; құтқарушы.
B3	1	Жоғары санаттың біліктілігі орташа деңгейдегі мамандар: тәрбиеші (қызметтің негізгі түрі); гидротехник (қызметтің негізгі түрі);

		инженер (қызметтің негізгі түрі); инспектор (қызметтің негізгі түрі); механик (қызметтің негізгі түрі); психолог (қызметтің негізгі түрі); жұмыс өндірушісі (қызметтің негізгі түрі); техник (қызметтің негізгі түрі).
2		Бірінші санаттың біліктілігі орташа деңгейдегі мамандар: тәрбиеші (қызметтің негізгі түрі); гидротехник (қызметтің негізгі түрі); инженер (қызметтің негізгі түрі); инспектор (қызметтің негізгі түрі); механик (қызметтің негізгі түрі); психолог (қызметтің негізгі түрі); жұмыс өндірушісі (қызметтің негізгі түрі); техник (қызметтің негізгі түрі).
3		Екінші санаттың біліктілігі орташа деңгейдегі мамандар: тәрбиеші (қызметтің негізгі түрі); гидротехник (қызметтің негізгі түрі); инженер (қызметтің негізгі түрі); инспектор (қызметтің негізгі түрі); механик (қызметтің негізгі түрі); психолог (қызметтің негізгі түрі); жұмыс өндірушісі (қызметтің негізгі түрі); техник (қызметтің негізгі түрі).
4		Санаты жоқ біліктілігі орташа деңгейдегі мамандар: тәрбиеші (қызметтің негізгі түрі); гидротехник (қызметтің негізгі түрі); инженер (қызметтің негізгі түрі); инспектор (қызметтің негізгі түрі); механик (қызметтің негізгі түрі); психолог (қызметтің негізгі түрі); жұмыс өндірушісі (қызметтің негізгі түрі); техник (қызметтің негізгі түрі); диспетчер (қызметтің негізгі түрі); құтқарушы.
С блогы (әкімшілік персонал)		
C1		ММ шаруашылық бөліністерінің басшысы (меңгерушісі): мұрағаттың; монша-кір жуу кешенінің; бассейіннің; кітапхананың; ветеринарлық дәріхананың; клубтың; автошаруашылық колоннасының; коммуналдық-пайдалану қызметінің; шеберхананың; мұражайдың; өндірістің; жөндеу-құрылыс тобының; асхананың;

	арнаулы медициналық жабдықтау қоймасының; тылды және пайдалану-техникалық қамтамасыз ету қоймасының; техникалық бөлімнің; баспахананың; оқу кабинетінің; орталықтың (мәдени). Баспасөз-хатшысы.
C2	Әкімшілік функцияны орындайтын біліктілігі жоғары деңгейлі маман: мұрағатшы, библиограф, кітапханашы, бухгалтер, мал дәрігері, дирижер, музыкалық жетекші, барлық мамандықтағы инженер, барлық мамандықтағы инспектор, мәдени ұйымдастырушы, зертханашы, мастер, менеджер, әдістемеші, механик, аудармашы, бағдарламашы, оқытушы, психолог, редактор, референт, технолог, бапкер, хормейстер, мұражай қорын сақтаушы, суретші, штурман, экономист, энергетик, экскурсия жетекшісі, заңгер, заңгер консультант.
C3	Біліктілігі орташа деңгейлі маман: мұрағатшы, кітапханашы, библиограф, бухгалтер, ветеринарлық фельдшер, дирижер, автомобильді тасымалдау диспетчері, барлық мамандықтағы инженер, барлық мамандықтағы инспектор, корректор, мәдени ұйымдастырушы, зертханашы, мастер, менеджер, механик, әдістемеші, музыкалық жетекші, аудармашы, бағдарламашы, психолог, редактор, барлық мамандықтағы техник, технолог, бапкер, хормейстер, мұражай қорын сақтаушы, суретші, штурман, экономист, экскурсия жетекшісі, энергетик, заңгер консультант. ММ шаруашылық қызмет көрсетумен айналысатын құрылымдық бөлінісінің басшысы (меңгерушісі): моншаның; монша-кір жуу шаруашылығының; бюроның; кеңсенің; қылмыстық-атқару жүйесі мекемесі клубының; қазандықтың; кір жуудың; қойманың; табылған заттарды тапсыратын орынның; шаруашылықтың; фотозертхананың.
D блогы (қосалқы персонал)	
D	Техникалық орындаушылар: архивариус, әкімші, ассистент, рұқсаттама бюросының кезекшісі, іс жүргізуші, кезекші әкімші, диспетчер, комендант, бақылаушы, көшіруші, машинистка, медициналық тіркеуші, нарядшы, күзетші, дезкамералық бөлімшенің, байланыс жүйесінің, жанар май құю станциясының, көшірме және баспа машиналарының, компьютерлік техниканы, компьютерлік құрылғыларға қызмет көрсету бойынша операторы, тіркеуші (табылған заттарды тапсыратын орын, өткізу бюросы), хатшы, есепке алушы, экспедитор.

Аббревиатуралардың толық жазылуы:

ММ – мемлекеттік мекеме;

ТЖМ – Төтенше жағдайлар министрлігі

ТЖД – төтенше жағдайлар департаменттері.

Эмиссиялардың техникалық үлестік нормативтері бекітілді

«Эмиссиялардың техникалық үлестік нормативтерін, оның ішінде атмосфераға ла-стаушы заттарды шығарудың жылжымалы көздерін бекіту туралы»

Қазақстан Республикасы Экология, геология және табиғи ресурстар министрінің 2021 жылғы 11 қаңтардағы № 1-бұйрығы

Күшіне енді: 2021.26.01

Қазақстан Республикасының
Экология, геология және
табиғи ресурстар министрінің
2021 жылғы 11 қаңтардағы
№ 1-бұйрығына
1-қосымша

Байер-күйдіру тізбекті-параллель нұсқалы әдісімен сазбалшық өндіру кезінде қоршаған ортаға шығарылатын эмиссиялардың техникалық үлестік нормативтері 1-тарау. Қолдану саласы

1. Байер-күйдіру тізбекті-параллель нұсқалы әдісімен сазбалшықты өндіру кезінде қоршаған ортаға шығарылатын эмиссиялардың техникалық үлестік нормативтері (бұдан әрі – нормативтер) Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 9 қаңтардағы Экологиялық кодексінің 17-бабының 26-3) тармақшасына (бұдан әрі – Кодекс) және «Техникалық рет-теу туралы» 2004 жылғы 9 қарашадағы Қазақстан Республикасының Заңына, сондай-ақ Қазақстан Республикасының басқа нормативтік құқықтық актілеріне сәйкес және Қазақстан Республикасында тұрақты даму және қоршаған ортаны қорғау жөніндегі стратегиялық және бағдарламалық құжаттарды, қоршаған ортаны қорғау және табиғи ре-сурстарды сақтау жөніндегі тапсырмаларды ескере отырып әзірленді.

2. Осы нормативтер сазбалшықты өндіру кезінде қолданылатын үдерістер үшін қор-шаған ортаға эмиссиялардың техникалық үлестік нормативтерін белгілейді, сазбалшықты алу үдерісі Орталық Қазақстанның кен орындарындағы төмен сапалы бокситтерді Карл Иозеф Байердің гидросілтілік әдісімен және күйдіру әдісімен (бұдан әрі – үдерістер) өңдеуге негізделген және тізілімі Қазақстан Республикасы Энергетика министрінің «Ең озық технологиялар тізбесін бекіту туралы» 2014 жылғы 28 қарашадағы № 155-бұйрығында (Нормативтік құқықтық актілері мемлекеттік тізілімінде № 10166 бо-лып тіркелген) келтірілген халықтың өмірі мен денсаулығын қорғауды, қоршаған ортаны қорғауды, табиғи ресурстарды оңтайлы пайдалануды қамтамасыз ететін және тізбесі осы құжатта келтірілген озық қолжетімді технологияларды назарға ала отырып, Қазақстан

Республикасының аумағында қолданылатын сазбалшық өндірісінің жаңа, жұмыс істеп тұрған және жаңғыртылған үдерістеріне қатысты қолданылады.

3. Осы нормативтерде қоршаған ортаға эмиссияларды түзуге әсер ететін негізгі және қосалқы үдерістер қарастырылады.

Сазбалшықты өндірудің негізгі үдерістеріне шикізат пен материалдарды дайындау, сақтау және беру, тауарлық сазбалшықты кальцийлеу және қоймалау, шихтаны күйдіру, пештерді қыздыруға немесе ұзақ уақыт тұруға дайындау үдерістері жатады, олар шикізатты дайындау цехы (бұдан әрі – ШДЦ), гидрометаллургиялық цех (бұдан әрі ГМЦ), күйдіру цехы (бұдан әрі – КЦ) сияқты негізгі бөлімшелерде жүзеге асырылады;

Осы нормативтерде қолданылатын нормалар көмекші және қосалқы өндірістерге (жөндеу, автокөліктік, теміржол, монтаждау және т. с. с.) таратылады.

4. Осы нормативтерде қалдықтармен жұмыс жасау, түтін газдары мен шаңданған ауаны тазарту жөніндегі қызмет және өндірістік экологиялық бақылау қағидалары сипатталған.

5. Нормативтер меншік нысанына қарамастан, жобалық құжаттаманы әзірлеумен, Байер-күйдіру тізбекті-параллель нұсқалы әдісімен сазбалшықты өндіру нысандарын салумен және пайдаланумен айналысатын жеке және заңды тұлғаларға, қоршаған ортаны қорғау саласындағы уәкілетті органдарға арналған.

2-тарау. Терминдер мен анықтамалар

6. Осы Техникалық үлестік нормативтерде мынадай терминдер мен анықтамалар пайдаланылады:

1) Байер-күйдіру әдісімен сазбалшық өндіру үдерістері – бокситтерді өндірудің тізбекті-параллель нұсқалы үдерістері, нәтижесінде тауарлық сазбалшық алынады;

2) боксит – алюминий тотығының гидраттарынан, темір мен кремний тотықтарынан тұратын алюминий кені, сазбалшықты және құрамында саз балшық әрі отқа төзімді материалды алуға арналған шикізат;

3) зиянды заттар – адам ағзасына теріс әсер ететін заттар;

4) кальцийлеу – ұшпа қоспаларды кетіру мақсатында, сондай-ақ тотықтыру және иілімділік беру үшін қатты денелерді жоғары температураларға дейін қыздыру үдерісі (алайда, балқу нүктесіне дейін қыздыру емес);

5) күйдіру, кальцийлеу пештері (құбырлы айналмалы пештер, қайнау қабатының пештері) – отынды жаққан кезде шығатын жылу энергиясының есебінен материалдарды күйдіруге арналған металлургиялық агрегат;

6) қалдықтардың түрі – шығу көзіне, қасиеттеріне және жұмыс істеу технологиясына сәйкес ортақ белгілері бар, қалдықтар сыныптауышы негізінде айқындалатын қалдықтар жиынтығы;

7) қосалқы жабдық – материалдарды жинау, тасымалдау, отын дайындау, тозақ ұстау, газ тазарту үшін пайдаланылатын аппараттар, агрегаттар; автоматика, бұғаттау, бақылау және қорғау аспаптары мен құрылғылары, түтін құбырлары;

8) қоршаған ортаны ластау – қоршаған ортаға ластаушы заттардың, радиоактивті материалдардың, өндіріс және тұтыну қалдықтарының түсуі, сондай-ақ шудың, тер-

белістердің, магнит өрістерінің және өзге де зиянды физикалық әсерлердің қоршаған ортаға әсері;

9) қауіпті қалдықтар – құрамына бір немесе бірнеше қауіпті қасиеттері (уыттылығы, жарылу қаупі, радиоактивтілігі, өрт қаупі, жоғары реакциялық қабілеті) бар зиянды заттар кіретін және дербес немесе басқа заттармен қосылған кезде қоршаған ортаға және адамның денсаулығына тікелей немесе ықтимал қауіп төндіруі мүмкін қалдықтар;

10) қалдықтармен жұмыс істеу – қалдықтардың түзілуінің алдын алуды және оларды барынша азайтуды, қалдықтарды есепке алу мен бақылауды, олардың жиналып қалуын, сондай-ақ қалдықтарды жинауды, қайта өңдеуді, кәдеге жаратуды, залалсыздандыруды, тасымалдауды, сақтауды (қоймалауды) және жоюды қоса алғанда, қалдықтармен байланысты қызмет түрлері;

11) қалдықтарды өңдеу – сұрыптауды қоса алғанда, қалдықтардан кейіннен тауарларды немесе өзге де өнімдерді өндіру (дайындау) үшін пайдаланылатын шикізат және (немесе) өзге де материалдар алуға, сондай-ақ қалдықтармен жұмыс істеуді жеңілдету, олардың көлемін немесе қауіпті қасиеттерін азайту мақсатында қалдықтардың қасиеттерін өзгертуге бағытталған физикалық, химиялық немесе биологиялық үдерістер;

12) қалдықтарды орналастыру – өндіріс және тұтыну қалдықтарын сақтау немесе көму;

13) қоныстану аумағы – тұрғын, қоғамдық (қоғамдық-іскерлік) және рекреациялық аймақтарды орналастыруға арналған елді мекен аумағының бір бөлігі, сондай-ақ орналасуы және қызметі арнайы санитарлық-қорғау аймақтарының болуын талап ететіндей әсер етпейтін инженерлік және көліктік инфрақұрылымдардың, басқа нысандардың жекелеген бөліктері;

14) қоршаған ортаға эмиссиялар – ластаушы заттардың шығарындылары, төгінділері, қоршаған ортада өндіріс және тұтыну қалдықтарын орналастыру, күкіртті қоршаған ортада ашық түрде орналастыру және сақтау;

15) негізгі жабдық – шикізат дайындау цехтарындағы күйдіру, кальцийлеу пештері, тауарлық сазбалшықтың қоймаларындағы жабдық, вагон аударғыштар, таспалы конвейерлер;

16) негізгі өндіріс – күйдіру, кальцийлеу пештері (құбырлы айналмалы пештер, қайнау қабатының пештері) – отынды жаққан кезде шығатын жылу энергиясының есебінен материалдарды күйдіруге арналған металлургиялық агрегат және басқа технологиялық жабдықтар;

17) отын – жағу кезінде жылу энергиясын алу мақсатында қолданылатын жанғыш заттар (қатты, сұйық немесе газ тәріздес);

18) сазбалшық – алюминий тотығының әрқилы түрлерінен тұратын кристалды гидроскопиялық ұнтақ;

19) санитарлық-қорғау аймағы (бұдан әрі – СҚА) – арнайы тағайындалған аймақты белетін аумақ, сондай-ақ қоныстану аумағына жақын орналасқан елді мекендердегі өнеркәсіптік ұйымдар мен басқа өндірістік, коммуналдық және қойма нысандары, қолайсыз факторлардың әсерін азайту мақсатында тұрғын үй-азаматтық мақсаттағы ғимараттар мен құрылыстар);

20) табиғат пайдаланушы – табиғи ресурстарды пайдалануды және (немесе) қоршаған ортаға эмиссияларды жүзеге асыратын жеке немесе заңды тұлға;

21) түтінді (сейілтетін) газдар – пештегі отынның жануы және технологиялық материалды күйдіру нәтижесінде пайда болатын газдар;

22) үздік қолжетімді технологиялар – қоршаған орта сапасының нысаналы көрсеткіштерін қамтамасыз етуге дейін шаруашылық қызметтің қоршаған ортаға теріс әсерінің деңгейін азайтуға бағытталған, ұйымдастыру және басқару шараларын қамтамасыз ететін, пайдаланылатын және жоспарланатын салалық технологиялар, техника мен жабдық;

23) үйінді бокситтік шлам – бокситті сілтісіздендіргеннен кейін алынатын және негізінен натрий гидроалюмосиликатынан және темір тотығынан тұратын қатты тұнба;

24) шикізат – өнім(дер)ді алудың технологиялық үдерісінде пайдаланылатын кез келген қатты, ұсақталған немесе дайындалған материал;

25) эмиссиялар нормативтері – қоршаған орта сапасы нормативтерінің сақталуын қамтамасыз етуге жол берілетін эмиссиялар көрсеткіштері;

26) эмиссиялардың техникалық үлестік нормативтері – ел экономикасы үшін қолдануға болатын шығындар кезінде қоршаған ортаға эмиссияларды нақты техникалық құралдармен қамтамасыз ету мүмкіндігін негізге ала отырып айқындалатын, олардың уақыт бірлігіндегі немесе шығарылатын өнім бірлігіндегі немесе басқа да көрсеткіштердегі шамалары;

27) экологиялық мониторинг – қоршаған ортаның жай-күйін және оған әсер етуді жүйелі түрде қадағалау мен бағалау.

3-тарау. Қазақстан Республикасында өндірісті орналастыру шарттары

7. Қазақстан Республикасының аумағында қоршаған орталарға эмиссиялардың техникалық үлестік нормативтерін қамтамасыз ететін, аталған нормативтермен белгіленген нормалардан аспайтын Байер-күйдіру тізбекті-параллель нұсқалы әдісімен сазбалшықтың өндірісі орналастырыла алады.

4-тарау. Байер-күйдіру тізбекті-параллель нұсқалы әдісімен сазбалшықты өндірудің технологиялық үдерісінің, өндіру үшін тұтынылатын шикізат ресурстары мен жабдықтың сипаттамасы

4.1-параграф. Негізгі өндірістің қысқаша сипаттамасы

8. Бокситті шикізаттан сазбалшықты өндіру Байер-күйдіру тізбекті-параллель нұсқасының технологиясы бойынша жүзеге асырылады. Осы схема бойынша боксит алдымен Байер әдісі бойынша төмен температуралық сілтісіздендіруді қолдану арқылы өңделеді, ал түзілетін «қызыл» шлам содан кейін үш компонентті шихтаны (қызыл шлам, әктас және кальцийленген сода) күйдіру схемасы бойынша өңделеді, бұл қызыл шламнан сілтіні және сазбалшықты қосымша шығаруға мүмкіндік береді. Осы технологиялық үдеріс құбырлы айналмалы пештерде жүргізіледі, оларда отын күйдірілетін материалға қарай қарсы ағынмен беріледі. Қажетті физикалық-химиялық өзгерістерді қамтамасыз ету үшін және талап етілетін сапалы өнімдерді алу үшін материалды қыздырудың максималды температурасы 1150–1400 °С құрайды (күйдірілетін шикізаттың түріне байланысты), ал газдардың температурасы – 1400–1800 °С.

9. Алюмосиликатты әктаспен күйдірген кезде екі кальцийлік силикат түзіледі. Алюминаттық ерітінді декомпозицияға, гидросепарацияға және сүзуге келіп түседі. Суды булау үшін және гидрат қоспаларын шығару үшін негізгі ерітінді буландырылады. Ерітінділерді булаған кезде қатты фазаға қоспалар шығарылады. Алюминий гидрототығын шанышқылау сазбалшықты өндіру технологиясында аяқтаушы операция болып табылады.

Бокситті, сілтісіздендірілген қойыртпақты, алюминий ерітіндісін, гидраттық қойыртпақты, негізгі ерітіндіні және қатты алюминий тотығын тізбекті өңдеудің 1-қосымшада келтірілген осы химиялық-технологиялық схемасы металлургиялық сазбалшық түріндегі кесімді тауарлық өнімді алу болып табылады.

10. Сазбалшықты өндіруге бокситтен басқа, әктас, кальцийленген сода, құрамында қалпына келтіргіш (тас көмір) бас көміртек және каустикалық сода бар қосымша шикізат ресурстары жұмсалады.

11. Бастапқы бокситті жиынтық өңдеу нәтижесінде сазбалшықты және сұр үйінді шлам мен бокситтің темірлі фракциясы түріндегі өндірістің өнеркәсіптік қатты қалдықтарын алып, оларды арнайы қарастырылған шлам жинақтағышта қоймалайды.

12. Жоғары қысымды су буы, тас көмір шаңы және мазут түріндегі жылу-энергетикалық ресурстар арнайы сілтісіздендіргіштерде бокситтен алюминийді экстракциялаудың химиялық үдерістерін, құрамында өнім бар қатты алюминийді күйдіру пештерінде синтездеу үдерісін жүргізген кезде, күйдіру пештерінде алюминий гидрототығын сусыздандырған және кальцийлеген кезде және булау аппараттарында айналымдық сілті-алюминаттық ерітіндіні булаған кезде жұмсалады. Кесімді өнімді алу үшін су буын көп мөлшерде пайдалану қажет, ол отын ретінде тас көмір мен мазутты қолдану арқылы өзіндік жылу-электр ортасына шығарыла алады.

13. Тізбекті-параллель нұсқалы Байер-күйдіру әдісімен сазбалшық өндіретін кәсіпорындарда негізгі өндіріске мынадай бөлімшелер жатады: шикізатты дайындау цехы (ШДЦ), гидрометаллургиялық (ГМЦ), күйдіру цехы (КЦ).

14. Шикізатты дайындау цехында (ШДЦ) боксит, әктас, көмір қабылданады, ұсатылады және орташаландырылып, аталған шикізаттар одан әрі гидрометаллургиялық цехке (ГМЦ) және күйдіру цехына (КЦ) жіберіледі. Сонымен қатар, ШДЦ-де зауытқа келіп түсетін шикізат (боксит, әктас, көмір) қабылданады, ұсатылады және орташаландырылып, одан әрі шихталық өңдеуге және ШДЦ шығын қоймаларына беріледі; шикізат орташаландырылады, уақытша сақталады және ГМЦ және КЦ цехтарына технологиялық үдеріске беріледі.

15. Күйдіру цехы қызыл шламнан сазбалшықты (Al_2O_3) қосымша өндіреді және Байер тармағында сілтінің (Na_2O) шығындарын өтейді. Химиялық реакциялардың өтуі және пайдалы компоненттерді шығарып алу, күйдіру пештерінің қақтамдарын ұсату және гидрохимия учаскесіне жіберу мақсатында КЦ күйдіру пештерінде шихтаны жоғары температуралық тұрғыда өңдейді. КЦ-да қатты қақтамнан пайдалы компоненттер ерітіндіге шығарылады. Алюминаттық ерітінді сүзіледі және ГМЦ-ге жіберіледі, шлам өңделеді және шлам өрісіне айдалады.

16. Гидрометаллургиялық цех сазбалшықты алудың тізбекті-параллель Байер тармағы болып табылады, ол бокситті қабылдайды және сырықты диірмендерде айналымдық

сілтілік ерітіндінің ортасында бокситті ұсатады, онда алынған сұр қойыртпақ технологиялық тізбектің бойымен одан әрі өңдеу үшін беріледі, сондай-ақ ГМЦ сұр қойыртпақты жоғары температуралық сілтісіздендіреді. Сілтісіздендірілген қойыртпақ қоюландыру және шаю сияқты өңдеуден өтеді. Қоюландырудан кейін алынған алюминаттық ерітінді бақылау сүзу түйінінде тазартылады және технологиялық тізбектің бойымен одан әрі өңдеу үшін беріледі. Шаюдан өткен кезде қызыл шлам КЦ-ға одан әрі өңдеу үшін жолданады.

17. Цехтың жұмысына кіретін функциялар: КЦ мен ГМЦ алюминаттық ерітіндісінен гидратты айналдырып шығару, оны жіктеу, қоюландыру және сүзу түйіндерінде өңдеу. Қоюландырудан кейін алынатын негізгі ерітінді (сұйық фаза) бақылау сүзуге жолданады, содан кейін технологиялық тізбек бойынша кейінгі учаскелерге беріледі. ГМЦ-да өзіндік ЖЭО-дан шығатын бумен қыздыру арқылы ерітінділерді булау үдерісі жүзеге асырылады. Алынған қойылтылған (айналымдық) ерітінді ГМЦ үдерісінің басына жіберіледі, онда гидратты шанышқылау қамтамасыз етіліп, кесімді өнім – сазбалшық алынады.

4.2-параграф. Қосалқы өндірістің сипаттамасы

18. Сондай-ақ қабылданған технологиялық үдерістерге, кәсіпорынның өндірістік цехтеріне және бөлімшелеріне сәйкес негізгі технологиялық үдерістерді үздіксіз жүргізу үшін қосалқы өндірістердің жұмыстарын жүргізу талап етіледі, оларға жататындар:

- жылу-электр ортасы кәсіпорынның ажырамас бөлігі болып табылады, ол – зауыт пен тұрғын сектордың қажеттіліктері үшін ыстық су мен бу түріндегі жылу энергиясын өндіретін энергетикалық кәсіпорын;
- зауыттық теміржол және автомобиль көлігінің үздіксіз жұмысын қамтамасыз ететін депосы мен көлікжайы бар көліктік цех;
- жөндеу цехтары білдек, кран және электр жабдықтарын, ғимараттарды, құрылыстар мен коммуникацияларды жөндейді;
- зертханалар (кәсіпорынға келіп түсетін шикізаттың, отынның, сондай-ақ шығарылатын өнімнің сапасын бақылау, бақылануы тиіс атмосфералық ауаның лас тану көздерінде өндірістік экологиялық мониторинг жүргізу, сондай-ақ санитарлық-қорғау аймағымен шекарада атмосфералық ауаның сапасын бақылау);
- өкімшілік-тұрмыстық орынжайлар;
- кәсіпорынның тұрғын үй қорына қызмет көрсетуге арналған тұрғын үй-пайдалану учаскелері;
- шикізатты, өндірістің өнімдері мен қосалқы құралдарын (еңбек құралдарын, құрылыс материалдарын, арнаулы киімдер, ЖЖМ және т. б.) орналастыруға, сақтауға және жөнелтуге арналған қойма орынжайлары;
- жартылай өнімдерден галлийді ілеспе шығаруға арналған және ол серігі болып табылатын негізгі металлдың шикізатын өндеген кезде қалдықтарды шығаруға арналған химиялық-металлургиялық цех;
- құю-механикалық цехы кәсіпорындағы өндірістік үдерістерге техникалық қызмет көрсетуге арналған;
- жұмыспен қамту бөлімі материалдық қамтуды және кәсіпорын жұмыскерлерінің қоғамдық тамақтануын ұйымдастыру үшін арналған;

- өртке қарсы қауіпсіздік отряды кәсіпорында шыққан өрттерді сөндіру, көмек көрсету, апаттардың салдарын жою және құтқару жұмыстарын жүргізу үшін арналған.

4.3-параграф. Шикізаттың, материалдар мен электр ресурстарының шығыны

Негізгі өндіріс

19. Байер-күйдіру тізбекті-параллель нұсқалы әдісімен сазбалшық боксит шикізатынан өндіріледі.

20. Сазбалшықтың өндірісінде бокситпен қатар, әктас, кальцийлік сода, құрамында қалпына келтіргіш (тас көмір) бар көміртек және каустикалық сода жұмсалады.

21. Шикізат материалдарын (отын, су және электр энергиясы) тұтынудың үлестік деңгейлері Байер үдерісі үшін минималды және сазбалшықтағы нефелиндерді өңдеу технологиясы максималды. 2-қосымшада шығарылатын дайын өнімнің сапасын сақтау үшін Қазақстан Республикасында қолдануға ұсынылатын технологиялар бойынша сазбалшықты өндірудің негізгі үдерістерінде қолданылатын шикізат бойынша үлестік шығын көрсеткіштерінің деректері ұсынылған.

22. Бокситтерде алюминий тотығы неғұрлым жоғары болса, үлестік шығыны соғұрлым төмен. Бокситтің (немесе олардың қоспасының) жалпы шығыны кәсіпорынның сазбалшық бойынша жиынтық қуаттылығында әр тармақтың үлесіне тәуелденеді. Кен орындарын зерттеу шамасына қарай бокситтің сапасы нашарлайды және бұл сазбалшықты өндіру үшін үлестік шығын материалдарының ұлғаюына әкеп соғады.

23. Әктастың үлестік шығыны (күйдіру арқылы өңдеу) бокситтің құрамында кремнезем мен кальций тотығының болуына тәуелденеді: әктастың мөлшері шихтадағы кальций тотығы мен кремнеземнің молекулалық арақатынасына сәйкес келуі тиіс.

24. Байер-күйдіру тізбекті-параллель нұсқалы әдісімен сазбалшықты өндіру технологиясын ұстанған кезде 2-қосымшада көрсетілген шикізаттың жұмсалуы бойынша үлестік көрсеткіштерді қабылдаған жөн.

25. Жоғары қысымды су буы, тас көмір шаңы және мазут түріндегі жылу-энергетикалық ресурстары арнайы сілтісіздендіргіштерде бокситтерден алюминийді экстракциялаудың химиялық үдерістерін жүргізген кезде, күйдіру пештерінің өнімдерінде болатын қатты алюминийдің синтез үдерісі кезінде, күйдіру пештерінде алюминий гидрототығын сусыздандырған және кальцийлеген кезде және булау аппараттарында айналымдық сілті-алюминаттық ерітіндісін булаған кезде жұмсалады.

26. Бокситті, сілтісіздендірілген қойыртпақты, алюминаттық ерітіндіні, гидраттық қойыртпақты, негізгі ерітіндіні және алюминийдің қатты гидрототығын, құрамы мен мөлшері осы құжатта белгіленген шикізаттық және энергия ресурстарын тізбекті өңдеудің химиялық-технологиялық схемасының нәтижесінде металлургиялық сазбалшық түріндегі кесімді өнім алынады. Оның химиялық құрамы нормативтердің 3-қосымшасында келтірілген.

Қосалқы өндіріс

27. Кәсіпорында қосалқы өндіріс бойынша жұмыстарды жүргізу үшін пайдаланылатын материалдар өндірістердің әрқайсысының технологиялық үдерістеріне сай мердігерлік ұйыммен арада бекітілген шарттық міндеттемелерге сәйкес сатып алынады.

5-тарау. Қоршаған ортаға шығарылатын эмиссиялардың техникалық үлестік нормативтерінің есебі

28. Нормативтерге үздік қолжетімді технологияларды, техникалық және технологиялық шешімдер жүйесін, соның ішінде газдан және шаңнан тазарту түйінінің жабдығын топтық циклондар жүйесін шаң аулау камералары және (немесе) электрсүзгілерді енгізу есебінен, тұтылған технологиялық шаңды одан әрі үдеріске қайтару арқылы, пневмосорғылармен шаңды тасымалдау жүйесін көліктік құбыржолдармен қамту арқылы, басқа да үздік қолжетімді технологиялар арқылы жетуге болады. Байер-күйдіру едісімен сазбалшықты өндіретін кәсіпорын үздік қолжетімді технологияларға жету және оларды енгізу бойынша жыл сайынғы іс-шаралар жоспарын Қазақстан Республикасының Экологиялық кодексіне сәйкес әзірлейді.

5.1-параграф. Қоршаған ортаға шығарылатын эмиссиялардың техникалық үлестік нормативтерінің есебі

29. Осы құжатта атмосфералық ауаға шығарылатын қалдықтар бойынша, сондай-ақ өндірістік үдерістерді жүргізген кезде кәсіпорын түзетін қалдықтар бойынша мәндер келтірілген.

30. Шығарындылардың мөлшерінің және түзілетін қалдықтардың үлестік көрсеткіштерінің 1 тоннаға шаққандағы шамалары қолданылатын өндіріс технологиясына, пайдаланылатын шикізатқа және осы нормативтерде келтірілген басқа көрсеткіштерге байланысты болады.

Кәсіпорынның өндіргіштігіне қатысты эмиссиялардың үлестік көрсеткіштерінің шамалары алынатын өнімнің 1 тоннасына шаққанда анықталады және мына формула бойынша есептеледі:

Атмосфералық ауаға бір жылдық шығарындылары және кәсіпорында түзілетін қалдықтардың көлемі, $U_{в,о}$, т/ж, құрайды:

$$U_{в,о} = n_{в,о} * P$$

мұндағы $n_{в,о}$ - эмиссиялардың үлестік нормативтерінің көрсеткіші (ЗВ шығарындылары, қалдықтар), т(кг)/т;

P – кәсіпорынның нақты өндіргіштігі, тонна/жыл.

31. Осы нормативтердің 30-тармағына сәйкес ұсынылған формула әрбір зиянды заттың шығарындысының салмағын немесе түзілетін қалдықтың салмағын осы кәсіпорынның уақыт бірлігінде анықтау үшін және алынған көрсеткіштерді белгіленген үлестік нормативтермен одан әрі салыстыру үшін пайдаланылады.

5.2-параграф. Атмосфералық ауаға шығарылатын эмиссиялардың техникалық үлестік нормативтері

32. Негізгі және қосалқы жабдықтың жұмысынан атмосфералық ауаға шығарылатын эмиссиялардың техникалық үлестік нормативтері жұмыс істеп тұрған, жаңадан енгізілетін және қайта жаңғыртылатын кәсіпорындардың қондырғылары үшін атмосфералық ауаға ластағыш заттарды шығарудың шекті мәндерін тағайындайды.

33. Жұмыс істеп тұрған, жаңадан енгізілетін және қайта жаңғыртылатын кәсіпорындар үшін нормативтердің 4-қосымшасында көрсетілген газ тәрізді қоспалардың қатты бөліктері үшін атмосфералық ауаға шығарылатын эмиссиялардың техникалық үлестік нормативтері орындалады.

34. Кәсіпорындардың қызметінің нәтижесінде атмосфералық ауаға ластағыш заттардың бір жылдық шығарындыларын анықтау үшін өндірістік жабдықтың жұмыс режимі мен уақытына, отын мен материалдың бір жылдық шығынына және т. б. негіздеп отырып, барлық ластау көздерінен (ұйымдастырылған және ұйымдастырылмаған) шығатын шығарындыларды ескеру қажет.

35. Шығарындылардың сапалық және мөлшерлік сипаттамалары Қазақстан Республикасында бекітілген атмосфераға зиянды заттардың шығарындыларын есептеу әдістемелеріне сәйкес теориялық әдіс пен аспаптық өлшеулер бойынша анықталады.

36. Байер-күйдіру тізбекті-параллель нұсқалы әдісімен сазбалшықты өндіретін кәсіпорындарда шығарылатын технологиялық газдар, желдеткіш ауа, аспирациялық жүйелердің газдары түзіледі және шығарылады.

37. Табиғи және мәжбүрлі желдетудің шығарындылары аэрациялық фонарьлар, құбырлар немесе ойықтар арқылы шығарылады.

38. Технологиялық және аспирациялық газдардың шаңданған бөлігі қатты бөлшектерден тазартылуы тиіс.

39. Шаң ұстау қондырғылары ретінде қаралып, жіңішке тазартуға және газдарды қосымша санитарлық тазартуға арналған әртүрлі аппараттар – суландыру үшін су берілмейтін инерциялық типті циклондар, скрубберлер, электр сүзгілері, маталы жеңдік сүзгілердің әртүрлі комбинациялары пайдаланылуы мүмкін.

40. ӨГҚ тиімді жұмысы үшін кәсіпорында жыл сайын профилактикалық жұмыстар жүргізіледі: кальцийлеу және күйдіру пештеріндегі газ тазартқыш қондырғыларын жөндеу, аспирациялық және вентиляциялық жабдықтарды қайта құру, қондырғыларды (электр сүзгілерін, батареялық циклондарды, газ камераларын, газ шығарғыштарды) ағымдағы және күрделі жөндеу қоса орындалады.

5.3-параграф. Ағынды сулардың эмиссиялардың техникалық үлестік нормативтері

41. Осы құжатта белгіленген сазбалшықты Байер-күйдіру әдісімен өндіру үдерістерінде өндірістік ағынды суларға эмиссияларға жол берілмейді.

Жұмыс істейтін, қайта жаңғыртылатын және жаңадан салынатын кәсіпорындар үшін су айналымының тұйық циклі қарастырылады.

5.4-параграф. Сазбалшық өндірісінің қалдықтарын орналастыру кезіндегі эмиссиялардың техникалық үлестік нормативтері

42. Бастапқы бокситті жиынтық өңдеу нәтижесінде сазбалшық алынады және үйінді сұр шлам және бокситтің темірлі фракциялары түрінде өнеркәсіптік қатты қалдықтар алынады, олар арнайы қарастырылған шлам жинақтауыштарда қоймаланады.

43. Күйдіру тарамдары бойынша сазбалшықты өндірген кезде және бокситті өңдеген кезде жойылатын темірлі құмдар бокситтік сұр шламды немесе бокситтік үйінді шламның қалдықтарын түзеді. Бұл қалдықтар жиналмайды және сақталмайды, жиналу шамасына қарай гидрокөлік оларды қоймалау үшін шлам жинақтағышқа жолдайды.

44. Көмірді өңдеу барысында дымқыл тәсілмен көмір шаңын ұстаған кезде көмір шламы түзіледі. Көмір шламы жиналмайды және сақталмайды, жиналу шамасына қарай гидрокөлік оларды қоймалау үшін шлам жинақтағышқа жолдайды.

45. Бокситті өңдеу кезінде дымқыл шаң ұстағыштарда боксит қалдықтары түзіледі. Боксит шламдары жиналмайды және сақталмайды, жиналу шамасына қарай гидрокөлік оларды қоймалау үшін және қабылданған жобалық шешімдерге сәйкес орналастыру үшін шлам жинақтағышқа жолдайды.

46. Әктас қалдықтары әктас шламы болып табылады, ол әктасты өңдеген кезде дымқыл шаң ұстағыштарда шаңды ұстаған кезде түзіледі. Бұл қалдықтар ауа тазартқыш қондырғылардың бункерлерінде жиналады. Жиналу шамасына қарай ШДЦ шикізатты дайындау үдерісіне автокөлікпен қайтарылады. Технологиялық жабдықты пайдаланып, жөндеу алдында тазартқаннан кейін әктас пен соданың қызыл шламды қақтамның шаңдарымен бірге қызыл бокситтік шламның кондициялық қалдықтары түзіледі.

47. Қызыл бокситтік шламның қалдықтары жабыны қатты алаңдарда металл кубельдерге жиналады. Жиналу шамасына қарай ГМЦ сазбалшық өндіру үдерісіне автокөлікпен қайтарылады.

48. Сазбалшық қалдықтары технологиялық жабдықты эксплуатациялық және жөндеу алдында тазартқаннан кейінгі сазбалшықтың кондициялық қалдықтарын, құрғақ шаң ұстағыштарда ұсталған сазбалшық шаңын білдіреді. Сазбалшық қалдықтары ауа тазартқыш қондырғылардың бункерлерінде жиналады. Жиналу шамасына қарай ГМЦ сазбалшық өндіру үдерісіне автокөлікпен қайтарылады.

49. Техникалық қондырғылардың футеровка және обмуровка қалдықтары кальцийлеу пештерінің және басқа термиялық қондырғылардың отқа төзімді футеровкасы мен обмуровкасын жөндеген және ауыстырған кезде түзіледі. Қалдықтар қатты жабыны бар күйдіру алаңында, металл кубельдерде, қатты жабыны бар алаңдағы металл контейнерлерде жиналады және жиналу шамасына қарай ҚТҚ ведомстволық полигонына немесе немесе шарттық міндеттемелер бойынша қалдықтарды жинауға, тасымалдауға және жоюға қатысатын үшінші тарап ұйымдарына беріледі.

50. Құю өндірісінің қалдықтары қара және түсті металлдарды электрмен доғалы балқыту және құю кезінде түзіледі. Одан әрі қатты жабыны бар алаңдағы металл кубельдерге жиналады және жиналу шамасына қарай ҚТҚ ведомстволық полигонына автокөлікпен шығарылады.

51. Кәсіпорынның қосалқы өндірістерінің қауіпті қалдықтары арнайы мамандандырылған жерлерде сақталуы тиіс немесе қалдықтарды жинаумен, тасымалдаумен және кәдеге жаратумен айналысатын бөгде ұйымдарға шарттық міндеттемелер бойынша табысталады.

52. Қалдықтар түзілген сәттен бастап кәсіпорындар олармен экологиялық заңнаманың талаптарына сәйкес қауіпсіз жұмыс жүргізуді қамтамасыз етуі тиіс.

53. Қалдықтармен жұмыс істеу және оларды орналастыру жөніндегі экологиялық талаптар экологиялық заңнаманың және осы нормативтердің нормаларына сәйкес келеді.

54. Қоршаған ортаға шығарылатын қалдықтар эмиссияларының техникалық үлестік нормативтер кәсіпорындағы негізгі және қосалқы өндірістен түзілетін қалдықтардың барлық түрлері үшін тағайындалады.

55. Жұмыс істеп тұрған, қайта жаңғыртылатын және жаңадан салынатын кәсіпорындар үшін осы нормативтердің 5-қосымшасында көрсетілген қоршаған ортаға эмиссиялардың техникалық үлестік нормативтері орындалады.

5.5-параграф. Қоршаған орталарға физикалық әсерлер

56. Негізгі және қосалқы жұмыстарды жүргізген кезде Байер-күйдіру әдісімен сазбалшықты өндіру үшін қоршаған ортаға физикалық әсер бойынша заңнамамен белгіленген нормалар сақталады.

57. Физикалық ластану – бұл қоршаған ортаның физикалық параметрлерінің өзгеруімен байланысты ластану. Физикалық әсерлер қатарына қоршаған ортаны жылумен, жарықпен, шумен, электромагниттік, радиоактивті, радиациялық ластау жатады.

58. Дыбыстың қысымның ұйғарынды деңгейлері, дБ (дыбыстық қысымның баламалы деңгейлері, дБ) және өндірістік кәсіпорындардың дыбысының максималды деңгейі адамға әсер ететін физикалық факторларға қатысты гигиеналық нормативтерге сәйкес келеді.

59. Инфра- және ультра дыбыстың, шудың, жалпы немесе жергілікті дірілдің, тондаушы және иондамайтын сәулеленудің көзі болып табылатын жабдықтың маңайындағы жұмыс орындарында ШРД (шекті рұқсат етілген деңгейден) асып кетуіне жол берілмейді.

60. Өндірістік нысандарда өндірістік (ведомстволық) бақылау жүргізілуі тиіс, оны өндірістік немесе тәуелсіз аккредиттелген зертханалар жүзеге асырады. Өндірістік нысандарда жүргізілетін өндірістік бақылау нәтижелері тиісті аумақтағы халықтың санитарлық-эпидемиологиялық әл-ауқаты саласындағы мемлекеттік орган ведомствосының аумақтық бөлімшелеріне беріледі.

61. Физикалық әсер ету көздері орналасқан жаңа және қайта жаңартылатын нысандарда орынжайлардың ішінде, жұмыс орындарында, сондай-ақ тұрғын үй құрылыстарының айналасындағы аумақта әсерін төмендетуге бағытталған іс-шаралар қарастырылуы қажет.

6-тарау. Байер-күйдіру тізбекті-параллель нұсқалы әдісімен сазбалшықты өндірген кезде бақылау жүргізу

62. Сазбалшықты өндірумен байланысты өндірістік қызметті жүзеге асыратын жеке және заңды тұлғалар кәсіпорынды тиімді және қауіпсіз пайдалануды қамтамасыз ету үшін бақылаудың әрқилы түрлерін жүргізуі тиіс, оларға кіріс шикізатын бақылау, технологиялық жабдықты пайдалануды бақылау, экологиялық бақылау, жұмыс орындарындағы санитарлық-эпидемиологиялық бақылау қоса жатады.

63. Бұл жұмыстар технологиялық үдерістерден өтуді, үнемі бақылауды қамтамасыз ету,

табиғи және энергетикалық ресурстарды пайдалану тиімділігін арттыру, штаттан тыс жағдайларға жедел әрекет ету, өндірістің қоршаған ортаға және адам денсаулығына әсерін барынша азайту мақсатында жүргізіледі.

64. Шикізат материалдарын кіріс бақылау статистикалық бақылау болып табылады және жабдықтың жұмыс үдерісін уақтылы жоспарлауға мүмкіндік береді.

65. Өндірістік бақылаудың мақсаты болып санитарлық-эпидемиологиялық нормалаудың мемлекеттік жүйесінің құжаттарында белгіленген талаптардың орындалуын өз бетінше бақылау нысанында ұйымдастыру және өткізу арқылы адам үшін өнімнің, жұмыстар мен қызметтердің қауіпсіздігін және (немесе) зиянсыздығын қамтамасыз ету табылады.

66. Халықтың денсаулығына және қоршаған ортаны қорғауға теріс әсер етуіне жол бермеуге бағытталған нормативтерді ұстану үшін кәсіпорында өндірістік экологиялық бақылау жүргізіледі.

67. Өндірістік экологиялық бақылаудың мақсаттары төмендегідей:

1) табиғатты пайдаланушының экологиялық саясатына, қоршаған орта сапасының нысаналы көрсеткіштеріне және қоршаған ортаға ықпалды әсер ететін өндірістік процестерді реттеу аспаптарына қатысты шешімдер қабылдау үшін ақпарат алу;

2) Қазақстан Республикасының экологиялық заңнамасы талаптарының сақталуын қамтамасыз ету;

3) табиғатты пайдаланушының өндірістік процестерінің қоршаған ортаға және адам денсаулығына әсер етуін мейлінше азайту;

4) табиғи және энергетикалық ресурстарды пайдалану тиімділігін арттыру;

5) тосын жағдайларға жедел кідіріссіз ден қою;

6) табиғатты пайдаланушылардың басшылары мен қызметкерлерінің неғұрлым жоғары деңгейде экологиялық хабардар болуы және олардың жауапкершілігін қалыптастыру;

7) кәсіпорындардың экологиялық қызметі және халықтың денсаулығы үшін қатер туралы жұртшылықты хабардар ету;

8) экологиялық талаптарға сәйкестіктің деңгейін арттыру;

9) қоршаған ортаны қорғауды басқару жүйесінің өндірістік және экологиялық тиімділігін арттыру;

10) инвестициялау және кредит беру кезінде экологиялық тәуекелдерді есепке алу болып табылады.

68. Өндірістік экологиялық бақылауды жүргізу және өндірістік экологиялық бағдарламаны әзірлеу тәртібі Қазақстан Республикасының экологиялық заңнамасында қарастырылған талаптарға сәйкес жүзеге асырылады.

69. Өртүрлі технологиялық үдерістерді өткен кезде жылдам әрекет ету мүмкіндігін арттыру үшін және бақылау жүргізу үшін кәсіпорында барлық үдерістерді автоматты түрде басқару мен қадағалаудың заманауи жүйелерінің тағайындалуына жол беріледі.

7-тарау. Жалпы қауіпсіздік талаптары

70. Белгіленген нормативтерді қамтамасыз ету үшін мынадай шарттарды орындалады:

1) өндірістік экологиялық бақылау бағдарламасы орындалады;

2) сазбалшықты өндірген кезде белгілі тәртіпте аккредиттелген зертханаларда тарту арқылы бекітілген графикке сәйкес қоршаған ортаға шығарылатын эмиссиялары өлшенеді;

3) шикізат пен материалдарды түсіру және тасымалдау үдерістері автоматтандырылған және (немесе) механикаландырылған болуы тиіс және конвейерлерді, роторлық экскаваторларды, вагон аударғыштарды, грейферлік крандарды қолдану арқылы және вагондардың люктерінен түсіру арқылы қамтамасыз етіледі;

4) шикізат пен материалдарды түсіру және тиеу орындары аспирациялық қондырғылармен жабдықталады;

5) сілтілі сулардың сүзілуіне және жақын жердегі суқоймалардың ластануына жол бермеу үшін жаңа шлам жинағыштарды пайдалануға енгізген және пайдаланған кезде тоғандардың негіздерінде және бөгеттерінде сүзуге қарсы қорғаныс қарастырылады;

6) жұмысының нәтижесінде эмиссиялардың техникалық үлестік нормативтерінің осы нормативтермен белгіленген нормаларынан асып кететін жабдықты пайдалануға жол берілмейді;

7) негізгі шикізатты және өндіріс қалдықтарын қоймалау орындарында радиация деңгейі денсаулық сақтау саласындағы уәкілетті орган белгілеген радиациялық қауіпсіздік нормаларынан асырылмайды;

8) ықтимал радиациялық қауіп-қатер аймақтарында қызмет көрсетуші қызметкерлер жеке қорғаныс және дозиметрия құралдарымен жабдықталуы тиіс;

9) қолданысқа енгізілетін жаңа технологиялар мен жабдықтар үшін технологиялық үдерістерді қауіпсіз енгізуді және жабдықты қауіпсіз пайдалануды қамтамасыз ететін уақытша технологиялық жұмыс нұсқаулықтарын, еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау жөніндегі нұсқаулықты әзірлеу және белгілі тәртіпте бекіту талап етіледі;

10) қалқандарда, пульттерде және басқару панельдерінде орналасқан бақылау-өлшеу аспаптарын басқару, дабылдандыру және қуаттандыру схемаларында оларда кернеу бар екендігі туралы дабылдама болады;

11) өндіріс барысында жобада қарастырылған барлық негізгі ағындық-сорғыш және аспирациялық желдеткіш қондырғылардың үздіксіз жұмысы қамтамасыз етіледі;

12) технологиялық үдерістердің жабдығы Машиналар мен жабдықтардың қауіпсіздігі туралы заңнаманың, Қазақстан Республикасында бекітілген басқа нормативтік құжаттардың талаптарына сәйкес келеді;

13) сазбалшық өндірісінде пайдаланылатын негізгі және қосалқы технологиялық жабдықты сәйкестендіруді және олардың қолданыстағы нормативтік құжатқа сәйкестігін куәландыратын құжаттар болуы тиіс, сондай-ақ өндірушінің ілеспе құжаттары болуы тиіс, оларда монтаждау схемалары, пайдалану және техникалық қызмет көрсету жөніндегі нұсқаулықтар болады;

14) жарылу-өрттену қаупі бар және зиянды булармен, газдармен және шаңмен жұмыс жасауға арналған технологиялық жабдықтар, аппараттар мен құбыржолдар саңылаусыз болуы тиіс, зиянды бөлінділер шығуы мүмкін жерді толық саңылаусыздандыру мүмкін болмаған жағдайда ол жерлер осы техникалық үлестік нормативтермен үйлесімді талаптардың орындалуын қамтамасыз ететін жергілікті сорғыштармен жабдықталады;

15) өндірістік жабдықтың құрамдас бөліктері, соның ішінде энергетикалық құбыржолдар, табиғи газ, мазут, ауа, май, су берілетін жеңдер мен электркабельдер оларға балқытпалардың тиюінен қорғалады;

16) химиялық өңдеу учаскелерінде барлық қолданылатын жабдық минималды бақылау саңылауы бар жабдық типінде орындалады. Ішіндегі сұйықтыққа байланысты сыйымдықтық жабдық қойыртпақ пен ерітінділердің төгілуіне жол бермейтін құйғыш құбырлармен жабдықталады.

71. Әрбір негізгі жабдықта:

- жүктеменің (ауысымдық, тәуліктік, айлық, жылдық) есебі жүргізілуі тиіс;
- жабдықтың техникалық күйіне тұрақты бақылау жүргізілуі тиіс, жоспарлы (күрделі, ағымдағы) жөндеу және жүйелі техникалық куәландыру, кем дегенде әрбір бес жыл сайын жүргізілуі тиіс;
- жабдықтарға белгілі жабдықты қауіпсіз пайдалану ережелерінің талаптарын орындау мақсатында номиналды деректер келтірілген тақтайша бекітіледі;
- жабдықтың техникалық құжаттамасының жиынтығын (нұсқаулықтар, монтаждау схемалары, сызбалар, нұсқаулықтар) сақтаңыз және егер пайдалану кезінде өндірістік жабдық жаңғыртылса немесе қайта құрылса, онда оларға өзгертулерді уақтылы енгізіледі;
- негізгі жабдықты пайдаланатын, жөндейтін және техникалық қызмет көрсететін қызметкерлерді олардың лауазымына қойылатын талаптарға сәйкес көлемде арнайы дайындықтан өткізеді;
- шығарындылардан тазарту үшін құрылыстарды, жабдықтар мен аппаратураны бір мезгілде қайта құрмай, қоршаған ортаға үлестік эмиссиялардың ұлғаюымен ілесетін технологиялық жабдықтың өндіргіштігін арттыруға жол берілмейді.

72. Қоршаған ортаның жағдайының нашарлауына әкеп соққан апат туындаған жағдайда экологиялық заңнаманың талаптарының негізінде экологиялық қызмет қоршаған ортаны қорғау саласындағы уәкілетті органның аумақтық органына апаттың туындау фактісі, күні, уақыты, себептері мен апат салдарын жою үшін қабылданған шаралар баяндалған және кәсіпорынның жетекшісі қол қойған хатты жолдайды.

73. Апаттық жағдайлар туралы, өндірістің тоқтағаны туралы, халықтың санитарлық-эпидемиологиялық амандығына қауіп төндіретін технологиялық үдерістердің бұзылғаны туралы кәсіпорын халыққа, жергілікті өзін-өзі басқару органдарына, Қазақстан Республикасының мемлекеттік санитарлық-эпидемиологиялық қызмет органдары мен мекемелеріне уақтылы хабарлайды;

74. Кәсіпорынның барлық бөлімшелерінде қызмет көрсетуші қызметкерлер басшылыққа алуға арналған «Апаттарды жою жоспары» әзірленеді, онда туындаған апаттық жағдайлардың себептері мен салдарын жою үшін қызметкерлердің қалай әрекет етуі қажет екені сипатталған.

8-тарау. Қолданысқа енгізу тәртібі мен мерзімдері

75. Нормативтер бекітілген сәттен бастап жаңадан салынатын кәсіпорындар үшін

техникалық үлестік нормативтердің 4 және 5-қосымшаларында көрсетілген қоршаған ортаға эмиссиялардың техникалық үлестік нормативтері орындалады.


